Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 8 (1167)

23.02.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

АУЛАСЫНДА 30 МЫҢДАЙ ГОЛЛАНДИЯ ҚЫЗҒАЛДАҒЫН ӨСІРДІ

ЖЕТІСУЛЫҚ ТҰРҒЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНІҢ ҚАРСАҢЫНДА 30 МЫҢҒА ЖУЫҚ ГОЛЛАНДИЯ ҚЫЗҒАЛДАҒЫН БАПТАП ӨСІРДІ. ӨЗ ҚОЛЫМЕН САЛҒАН ЖЫЛЫЖАЙДА «КӨКТЕМ АРУЫНЫҢ» 14 ТҮРІН ЖАЙҚАЛТЫП ОТЫР, – ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Өнеркәсіп альпинизмі мамандығына машықтанған Сарқан ауданының тұрғыны Бауыржан Бөлегенов негізгі жұмысынан бос уақытын бақшасында қызғалдақ өсіруге арнауға бел шешкен. Ол өзінің бұл ісіне 6 млн. теңгеге жуық жеке қаражатын жұмсады. Бүгінде оның жылыжайында қызыл, сары, қызғылт, ақ, түрлі түсті, пион тәрізесі, шашақты және қос түсті қызғалдақтың сан алуан түрі көз қуантады.

Оның айтуынша, бұл – маусымдық жұмыс. Өзінің негізгі жұмысы бар болғандықтан, қысқы уақытты пайдалы өткізу ниетімен осы істі қолға алған.

«Ойлана келе қызғалдақ өсіру керек деп шештім, өйткені көкөнісі өсіру маған әлдеқайда қиынға түседі. Өз бақшамның аумағында өз күшіммен жылыжай салдым, жалпы ауданы – 110 шаршы. Содан соң голландия қызғалдақтарының тамыр-түйіндерін сатып алдым, арнайы компания Алматыдан жеткізіп берді. Оның 14 түрлі сортының 30 мыңға жуық түбірін отырғыздым. Олардың 4-5-еуі ерте гүлдейтін сорт, қазірдің өзінде гүлдеп тұр. Гүлдерді технологиялық стандартқа сай сақтауға қоямын. Жылыжай жылы, сондықтан гүлдер жұмсақ, ал сабағы мен бүршігі қатты әрі серпімді болуы үшін оларды суықта ұстау керек. Сол үшін маған жазғы ас үйді жабдықтауға тура келді. Бұл да жеңіл болған жоқ. Көктемге қарай қызғалдақтарыма сұраныс болады деген үміттемін. Жалпы, гүлдерді өсіру, әсіресе жылыжай жағдайында күтіп-баптау ерекше күш-жігер мен қамқорлықты қажет етеді. Температура режимін сақтаумен қатар ылғалдылық деңгейі және басқа да көптеген ұсақ-түйек сияқты көрінгенімен маңызды нәрселер бар. Мен гүл бизнесінің осы бүкіл ерекшеліктерін біртіндеп игердім, енді өнімімді сату үшін іскерлік байланыстар орнатуым керек», – дейді әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдаланатын кәсіпкер. Оның «Instagram» мен «Тик-Токта» @sarkand_tulpan парақшалары бар.

Бауыржанға гүл өсіруде жұбайы Рания көмектеседі. Егер өнімнің өтімі көңілдегідей болса, онда ол келесі жылы қызғалдақ өсіруді жалғастырып, көлемін бірте-бірте 150 мыңға жеткізбекші.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІ ЕНГІЗІЛЕДІ

ҚАЗАҚСТАНДА ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ АУМАҒЫНДА 1 НАУРЫЗДАН БАСТАП БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІ ЕНГІЗІЛЕДІ. БҰЛ ШЕШІМ БАСТАПҚЫДА КӨПТЕГЕН ПІКІРТАЛАС ТУДЫРДЫ, БІРАҚ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН БИОЛОГИЯЛЫҚ ДҰРЫС УАҚЫТ БЕЛДЕУІ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ.

Адам ағзасы тәулік бойы гормондардың әсеріне ұшырайды және іс жүзінде сергу, ұйқы, белсенділік, стресс, қалпына келтіру процестері және жалпы организмнің жұмысы гормондардың түзілу уақыты мен деңгейіне тікелей байланысты.

Гормондар түзілуінің тәуліктік циклі организмінің тәуліктік ырғақтарымен реттеледі, олар өз кезегінде табиғи, күн уақытымен басталады және синхрондалады. Бұл процесс басқа сыртқы факторларға бағынбайды.

Гормондардың әсерінен организмнің уақытылы қалпына келуі, ұйқының сапасы, ояту және сергу кезеңдері, ақыл-ой белсенділігі барлық осы процестер белгілі бір гормондардың деңгейімен жақсы реттеледі және оның қатаң режимі мен циклі бар. Сондықтан физиологиялық функциялардың күнделікті ырғағы тұрақты.

Біздің әрқайсымыз мидың гипоталамус деп аталатын бөлігі басқаратын организмдегі биологиялық сағаттың рөлі қаншалықты маңызды екенін білеміз. Гипоталамус көру нервтерінен жарық пен қараңғылықтың өзгеруіне қатысты тікелей ақпарат алады және тәуліктік ырғақтың негізгі реттеушісі – мелатонин гормонын шығаруға жауап береді.

Мелатонин, басқаша айтқанда – ұйқы гормоны – бұл біздің ішкі биологиялық сағаттарымызды іске қосу серіппесі. Ол басқа гормондардың (өсу гормоны, пролактин, кортизол) бөлінуін белсенді етеді немесе тежейді.

Өсу гормоны балалық және жасөспірімдік кезеңдегі дененің өсу процестерін анықтайды. Ересек кезеңде ол минералды заттардың, майдың, көмірсулардың, ақуыз алмасуының маңыздылығына ие болады, қалқанша безі гормондарының бөлінуін, жүрек, бүйрек функцияларын, психологиялық жағдайды реттейді. Таңертең мелатонин концентрациясы төмендегеннен кейін кортизол көбірек болады, ол дене мен ақыл-ойды алдағы күннің белсенділігіне дайындайды (қан тамырларының тонусын жоғарылатады және бұл қысымның жоғарылауына әкеледі, жүректің жұмысын тездетеді, метаболизмді ынталандырады және т.б.).

Қысқа мерзімде режимнің бұзылуы көбінесе иммунитеттің төмендеуі, қатты шаршау, ақыл-ой белсенділігі мен есте сақтау қабілетінің төмендеуі және басқа да көптеген салдарлар туғызады.

Ұзақ уақыт бойы табиғи емес уақыт белдеуінде болуға дене әрине бейімделеді, бірақ оның денсаулыққа ауыр зардаптары бар. Сондықтан сағаттық уақытқа жақын уақытты іс жүзінде қолдану ақылға қонымды және ең алдымен жас ұрпақтың денсаулығы үшін қажет.

Дереккөз: ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық ресурсы.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА «ZHASPROJECT» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ. БҰЛ ЖОБА ЖАС ҰРПАҚТЫ ҚОЛДАУҒА ЖӘНЕ ДАМЫТУҒА, ОЛАРДЫҢ КӘСІБИ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

«ZHASPROJECT» ЖОБАСЫ БОЙЫНША

түсіндіру жұмысы басталды

Жергілікті деңгейдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобалар қарастырылуда. Шағын грантқа қатысты ақпарттық-түсіндіру науқанын өткізу туралы «Jetisý jastary» КММ директорының орынбасары Еркебұлан Ақболатов пен «Тамшыбұлақ» қоғамдық бірлестігінің басшысы Жанат Төлемісова БАҚ өкілдерімен болған баспасөз мәслихатында айтты.

Грант алу конкурсына қатысуға өтінімдер 1-31 наурыз аралығында қабылданады. Ең жоғары сома 1 000 000 теңге. Бұған қатысуға 18 жастан 35 жасқа дейінгі жастар өтінім бере алады. Сонымен қатар, грант тіркелген жұмыссыз мәртебесі бар қатысушыларға беріледі.

Еркебұлан Ақболатовтың айтуынша, биылғы жылға 28 шағын грант қаржыландырылған. Бөлінген жалпы сома 28 миллион теңге. Оның 14-і Жетісу облысына берілсе, қалған 14-і Шығыс Қазақстан облысына беріледі. Атап өтейік, аталған жобаны ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігінің қолдауымен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы бірлесіп жүзеге асыруда.

«19 ақпаннан бастап 24 наурызға дейін конкурстың әлеуетті қатысулары үшін ақпараттық-түсіндіру науқаны жүргізіледі. Сондай-ақ, барлық қатысушылар өмірлік маңызды дағдылар мен жұмысқа орналасу дағдыларына оқытылып, менторлардың қолдауына ие болады», – дейді Жанат Төлемісова.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ТУРИЗМ

БЕС ДЕСТИНАЦИЯНЫҢ ӘЛЕУЕТІНЕ басымдық береді

Жетісу облысының экономикасында туризм саласының маңызы зор. Мониторинг деректеріне қарағанда өткен жылы өңірге 2 млн. турист келген. 3,5 млрд. теңге жеке инвестициялар тартылып, туризм саласында 17 жаңа нысан іске қосылды.

Өңірде туризм саласын дамыту 5 дестинацияға негізделген. Бұл – Алакөл, Балқаш көлдері, «Алтынемел» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық парктері, сондай-ақ Жоңғар Алатауының тау алабы. Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, 17 жаңа нысанның 16-сы Алакөл көлінің жағалауында, 1-еуі Текелі қаласында іске қосылған. Бұл ретте олардың жалпы сыйымдылығы 1250 төсек-орынға лайықталған. 2023 жылы Жетісу облысында туристерді орналастыру орындарының саны – 363, яғни 2022 жылмен салыстырғанда 5,3 пайызға артқан.

Басқарма өкілдерінің сөзінше, облыс туризмін ілгерілету үшін 2023 жылы «Сиверс алма ағашының гүлдеуі фестивалі», «Шаған Fest», «Көксу Water Fest», «Алтынемел – құландар мекені» сияқты 30-дан астам іс-шаралар өткізілді. Аталған іс-шаралар жыл сайын тұрақты түрде ұйымдастырылады. Сондай-ақ турбизнес, масс-медиа өкілдері үшін өңірдің туристік мүмкіндіктерін насихаттау, таныту және туристерді тарту үшін 6 ақпараттық тур өткізілді. Осы жылы да фестивальдар, роуд - шоулар, түрлі ақпараттық турлар өткізу, сондай-ақ туристік көрмелерге, оның ішінде халықаралық көрмелерге қатысу жоспарланған. Сонымен қатар биыл Жетісу облысында туризмді дамыту бойынша мастер-жоспар әзірленеді. Мастер-жоспарда туристік әлеуетті талдау, әрбір перспективалы орындар мен объектілер бойынша туризмнің жаңа өсу нүктелерін ашу, инженерлік, жол инфрақұрылымын кешенді дамыту, дамудың жаңа перспективалық нүктелерін қалыптастыру, деректерді цифрландыру, туристік навигацияны дамыту жөніндегі жұмыстар ескерілетін болады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ШАРА

ОҚУШЫЛАРМЕН ӨТКЕН ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Талдықорған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы Талдықорған қаласындағы К. Ушинский атындағы №7 орта мектеп оқушыларымен даңқты қаһарман, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірін, ерлігін бүгінгі ұрпаққа кеңінен үлгі ету мақсатында «Аты аңызға айналған, сөзі нақылға айналған қаһарман тұлға» атты тәрбиелік іс-шара өткізді.

Шараға Жетісу облысы әуе-десанттық әскері қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Ауған соғысының ардагері Еркін Ерғожанов, Ауған соғысының ардагері Марат Айнеков, Талдықорған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасының қызметкерлері Есет Дауренбаев және аға сержант Нұрсұлу Мұсабаева келді. Қонақтар оқушыларға тарихымызда өшпес із қалдырған батырдың өмір жолын, ерлігін кеңінен айтып өтті.

Шара соңында Ауған соғысының ардагері Марат Айнеков және оқушылар патриоттық әндерден шашу шашса, жас сарбаз клубының тәрбиеленушілері АК-74 автоматын жартылай бөлшектеу және жинаудан өз өнерлерін көрсетті.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗДОРОВЬЕ

УНИКАЛЬНАЯ, СЛОЖНАЯ ОПЕРАЦИЯ

Как передает пресс-служба Научного центра педиатрии и детской хирургии, сложнейшую операцию провели хирурги НЦПДХ девочке, получившему химический ожог пищевода. Хирурги Научного центра педиатрии и детской хирургиипровели трехлетней девочке одну из сложнейших операций по трансплантации (замещению) пищевода при постожоговой стриктуре пищевода. Ребёнок получил тяжёлый и глубокий ожогщелочью. Причина – она случайно выпила бытовое чистящее средство.

Ожог пищевода – это повреждение верхнего отдела пищеварительного тракта у детей, возникшее в следствие воздействия химических или термических факторов. Впоследствии, после тяжелых химических ожогов пищевода, образуются рубцовые стриктуры пищевода.Всем детям с рубцовыми стриктурами пищевода проводится длительное бужирование пищевода за нить, проведенную через гастростому.Таким образом, основной причиной химических ожогов пищевода у детей остается халатное отношение родителей к хранению опасных средств бытовой химии. К сожалению это часто приводит к инвалидизации ребенка, иногда вплоть до летального исхода. Ежегодно в Научный центр педиатрии и детской хирургии поступает больше 100 детей с такой патологией.

Недавно вНаучный центр педиатрии и детской хирургии-из Кызылординской области поступила в экстренном порядке 3-х летняя девочка с диагнозом Постожоговый рубцовый стенозз пищевода (это последствие химического ожога пищевода очищающейжидкостью"Чистый казан").После чего у ребенка из-за сильного рубцового сужения просвета пищевода самостоятельный прием пищи не был возможным. Девочка до операции не могла самостоятельно есть и получала кормление через специальную трубку в желудке, выведенную на переднюю стенку живота. В нашей клинике проведена уникальная операция по пластике пищевода толстой кишкой.

Уникальность данной, сложной операции заключается в том, что пищевод, который был непроходим, был замещен толстой кишкой. Операция длилась в течение 6 часов, при которой толстая кишка была проведена через грудную клетку и соединена с остатком пищевода на шее. Теперь функцию пищевода будет осуществлять часть толстой кишки, и ребенок может самостоятельно питаться через рот. Подобные операции требуют ювелирной точности и профессионализма, поэтому с ребенком работали сразу три хирурга. Операция была проведена успешно заведующим отделением хирургии - Калабаевой Молдир Махсутхановной, хирургами Афлатоновым Нуржан Бакытбековичем и Шиланбаевым Нышанбек Ратбековичем, которые имеют опыт по хирургической коррекции врожденных пороков пищеварительного тракта.

На сегодня состояние ребенка улучшилось, девочка поступает на плановое контрольное обследование и кушает самостоятельно.

Хотим отметить, в Научном центре педиатрии и детской хирургии, в среднем за год делается 6-7 таких операций с применением различных методик.

Ежегодно в НЦПДХ оперируется по поводу врожденных пороков органов пищеварения более 400 детей из различных регионов страны.

Причинами непроходимости пищевода в последнее время являются неосторожность и неправильное хранение химических веществ,в следствие чегодети получают тяжелые ожоги пищевода. Поэтому, педиатры призывают всех родителей хранить, химические вещества, очищающие жидкости для казанов и др.посуды хранить в недоступном от детей месте!

Ш. ХАМИТОВ.

ВСТРЕЧА С ВЕТЕРАНАМИ

35 ЛЕТ СО ДНЯ ВЫВОДА СОВЕТСКИХ ВОЙСК ИЗ ДРА

15 ФЕВРАЛЯ ИСПОЛНЯЕТСЯ35 ЛЕТ СО ДНЯ ВЫВОДА СОВЕТСКИХ ВОЙСК ИЗ АФГАНИСТАНА.

Причиной ввода ограниченного контингента советских войск в Афганистан прежде всего было: ухудшение положения советских границ и неоднократная просьба афганского руководства.

Казахстанцы участвовали в Афганском военном конфликте в составе советского воинского контингента.

По последним данным из Жетысуской области в Афганской войне приняли участие около 1500 человек, 24 человека вернулись инвалидами, пропал без вести уроженец города Ушарал Алакольского района Бекболатов Куат.

Честь и слава офицерам и солдатам, которые ценой своей жизни исполнили свой интернациональный долг перед Родиной.

С целью нравственно-патриотического воспитания молодежи на примере героев Афганской войны в областном историко-краеведческом музее им.Мұхамеджан Тынышбайұлыбыла организована выставка и встреча с ветеранами.

Всего на выставке «Ауғанстан мәңгі есте» приуроченной 35-й годовщине вывода войск из Афганистана было представлено более 100 экспонатов. Среди них материалы касающиеся вводаи выводавойск: решение Политбюро от 12 декабря 1979 года, Женевское соглашение 1988 года по урегулированию конфликта в Афганистане, карта маршрута, памятка исведения о КеримбаевеБ. Т.

Невосполнимые потери человеческих ресурсов отражены в фотографиях молодых ребят и ветеранов из нашей области. Бекболатов К., Шахворостов А., Мусагалиев Б., Ергапанов М. и многие другие.Кому-то из них было суждено вернутся в цинковом гробу, а кто-то ушел из жизни после, от полученных физических и моральных ран той жестокой войны.

В экспозиции можно увидеть копию выписки о посмертном присвоении Героя Советского Союза и удостоверении к нему Шахворостова А. Извещение о смерти Жагипарова Нурбола погибшего в ходе выполнения боевого задания. Письма Ербола Рафаэлұлы с Афганистана своим близким.

Из-за последствий полученного ранения в голову, после долгой болезни2022 году умерЕргапанов М.Вниманиюпосетителей представлен его комуфляж, орден «Воину интернационалисту» и знак «Участник Афганской войны» медали: «Ұрыс әрекеттерінің ардагеріне», «Батыр шапағаты», удостоверения к ним, а также фотографии.

На выставке также, которую посетили 15 февраля многие ветераны области, были представлены материалы Тазабекова О. бойца 177-го отдельного отряда специального назначения. Его пилотка, телняжка, копии медалей: «Воину интернационалисту», «За боевые заслуги», удостоверения к ордену «Айбын» III степени. Фотографии, книга с воспоминаниями о войне.Послевоенные материалы: приглашение на спектакль с его ролью, презентация его песни, а также копии наград, удостоверения«Заслуженный деятельКазахстана», Почетный гражданин «Кербулакского района».

Заслуживает внимания материалы бесменного руководителя Общественного объединения «Инвалидов войны в Афганистане» области Жетысу,Почетного члена Алтайского объединения Союза Ветеранов России Шормака Ильясұлы. Комуфляж с медалями на груди: «За отвагу и мужество», «Российский союз Ветеранов Афганистана», «Ветеран боевых действий», головной убор и фотографии напоминающие о былых невзгодах. А также материалы общественного объединения,целью которого является оказание помощи семьям погибших и патриотическое воспитание молодежи.

Представлены вещи и единственной девушки - казашки из нашей области, участвовшей в Афганской войне СаржановойЛ. Потускневшие от времени фотографии с г.Баграм, медицинский халат, бикс со шприцом, медали «От благодарного Афганского народа», «XX лет вывода Советских войск из ДРА» и удостоверения к ним.

На встречу с ветеранами войны Ильясовым Ш., Абдрашитовым Т. и Саржановой Л. пришли учащиеся школы №125«High School» и студенты Талдыкорганского колледжа сервиса и технологий. Присутствующие почтили память погибших воинов минутой молчания.

Воины-интернационалисты поделелились трагическими и героическими воспоминаниями 35-й летней давности, о том, как они оказались участниками военных действий, как не раз попадали под обстрелы исвоим опытом работы по воспитанию молодых. С трепетом рассказывали о погибших в той войне, призвали молодое поколение любить свою Родину и стать достойными ее защитниками.

Ребята с интересом слушали ветеранов,задавали свои вопросы.Мы надеемся, что для молодых эта встреча оставит заметный след в их сердцах.

Руководство музея поблагодарило гостей за выступление, активное участие в воспитании чувства верности своему Отечеству и формировании ответственной личности.

Р. ЕСЕНБАЕВА,
с.н.с.областного историко-краеведческого музея им.М.Тынышбайұлы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

ЖЕТІСУҒА АРТЫЛҒАН СЕНІМ

ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 16 НАУРЫЗДА ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ КЕЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕГЕН БОЛАТЫН. СОЛ СӨЗІНДЕ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ АГЛОМЕРАЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ БАР ЕКЕНІН АТАП ӨТІП, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫН ЕКІГЕ ЯҒНИ – ЖЕТІСУ ЖӘНЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСТАРЫНА БӨЛУДІ ҰСЫНҒАН ЕДІ.

Осыдан кейін талайдың көңілі күпті болып, енді қайтер екенбіз, қаржы көздері жоғары аталатын аудандар Алматы облысының еншісінде кетті Жетісуымыз аяққа тұра ала ма, жоқ әлде кенжелеп қалар ма екен? – деген ой жетісулық әрбір жанның көкейінде жүрді. Тіптен алыстағы ауылда тұратын біздің де ойымыз осылай болған. Алайда ол уайымымыз бекер болды, биылғы жылы облысымыздың құрылғанына тұп-тура екі жыл болады екен. Тәуба, талай нәрсені еңсеріп тастадық, осы тұста Қасым-Жомарт Кемелұлының стратегиялық қадамы өңірге дипломат Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев мырзаны тағайындауы ол кісінің арман мақсатының тым терең екенін аңғартып, біздің жүрегімізге сенім отын ұялатты. Ол кісі келе сала ауыл, аудандарды аралап халықты тікелей өзі тыңдаған кезде аң-таң болғанымыз рас, себебі бұрындары әкімге сөйлеу былай тұрсын көрмейтін де едік. Бұл кісі халықтың ортасынан бірақ шыққаны біз үшін таңсық жағдай болғанын мойындау керек. Бейбіт Өксікбайұлы біздің киелі мекен Алакөлімізге келіп халықпен кездескенде оның сөзіне иланбаған адам жоқ шығар. Әдеби көркем тілде сөйлеп қана қоймай, әр сөздің астарын аңғарып сөйлеуінің өзі халыққа деген құрмет, үлкен мәдениеттілік дер едім. Сол жиында орнымнан тұрып облыс басшысына өз ауылымның шешілуі күрделі болған бірнеше өтініш айтқан едім, жыл соңына жеткізбей тиісті басқарма басшыларына тапсырма беріп, менің өтінішімді орындап бергеніне риза болдым. Жалпы сұлулығымен тамсандырған, ақындардың жырына арқау болып, талайларға ән салдырған киелі Жетісуды сөзбен суреттеп жеткізу мүмкін емес. Табиғаттың барлық сұлулығын өз бойына жинап алған Жетісудың өзен-көлдері, тау-тастары мен жазық даласы сан мыңдаған тарихтан сыр шертетіні анық.

Жетісу жайлы сөз қозғасақ, оның ерекше табиғатын айтпай өту мүмкін емес. Жетісу – көне мәдениеттің ордасы, өлкенің тарихы ғасырлар қойнауына сүңгіп жатыр, мұның айқын дәлелі – ежелгі ескерткіштер мен археологиялық жәдігерлер. Жетісуды мекендеген ежелгі Сақ, Үйсін, Қаңлы тайпаларынан бізге қалған баға жетпес мұра **–** Тамғалы тас**.**

Осындай тарихы сан ғасырлық ұрпаққа азық болатын киелі мекенге әдебиет пен мәдениеттің, өнер мен дәстүрдің халық пен қарашаның қадірін білетін қаламгер, журналист, академик, І сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл Бейбіт Өксікбайұлы келуі – ол жетісулықтардың ең үлкен жеңісі. Облысымыз құрылғанына аз уақыт болса да өңірдің даму, өсу жолдары тым жоғары. Ол әрине табанды басшының талантты қасиеті деп ұғамыз. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары туралы аз кем айта кетсем, жыл басындағы жетісулық ағайынның саны 698,0 мың адамды құрады, оның айқын дәлелі еліміздегі 18, 19 миллионыншы тұрғындар Жетісу өңірінде дүниеге келіп, жетісулық ағайынның қуанышы еселенгенін білесіздер. Ал енді 20 миллионыншы тұрғын да облысымыздың орталығы Талдықорған қаласында дүниеге келгенін есті сала облысымыздың әкімі Бейбіт Исабаев қалалық перзентханаға арнайы барып, жас отбасын қуанышымен құттықтағанын көгілдір экран арқылы көргенде көзіміз қуаныштың жасына толды, өз сөзінде Бейбіт Өксікбайұлы «*20 миллионыншы тұрғынның туу бақыты Жетісу жеріне бұйырған екен. Бұл – тарихы терең, қазыналы жер. Сол байтақ мекеннің бір перзенті болу – үлкен мәртебе. Тіл-көзден аман болсын. Жұмыстарыңызға табыс тілеймін. Балалар – біздің байлығымыз! Әрбір сәбидің аман-есен жер жәннаты Жетісуда өмірге келуі – біз үшін үлкен қуаныш. Осындай жақсылықтар жақсылыққа ұласа берсін. Айсұлтанның дені сау, ғұмыры ұзақ, болашағы жарқын болсын*!», - деп көпбалалы отбасына Президент атынан арнайы сыйлықпен қатар, «Отбасы банкінің» 2 млн. теңгелік сертификатын табыстады. Жалпы облыстағы тұрмыс деңгейі халықтың жан басына шаққандағы атаулы орташа ақшалай табыстары 2023 жылғы III тоқсанда 124184 теңгені құрады және 2022 жылдың III тоқсанымен салыстырғанда 18,5 пайызға көбейді. Баға статистикасы тұтыну бағасының индексі 2024 жылғы қаңтардағы 2023 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 100,9 пайызды құрады. Баға азық-түлік тауарларға 1,2%, азық-түлік емес тауарларға 0,2%, халыққа ақылы қызмет көрсету - 1,1% өсті. Өнеркәсіп өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың бағасы 2024 жылғы қаңтарды 2023 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 1,4 пайызға төмендеді. Оған себеп халық тұтынатын әрі өз облысымызда өндірілетін азық-түліктерді өндірушілерге жасалып жатқан жақсылықтың молдығы осының барлығын облыс әкімі тікелей өзі қадағалап қарап отыруында. Қазір ауылдағы жастарға қайтарымсыз несиелер беріп, ауыл жастарының да кәсіпке бет бұруының өзін ол кісі әркез айтып отырады. Қолдау бар, нақтылы істер бар, міне жетістік осы.

Облыстағы жалпы еңбек нарығы және еңбекақы 2023 жылғы IV тоқсанда жұмыссыздар саны 14,9 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшінің санына 4,8%-ды құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар саны 2023 жылғы III тоқсан соңына 15,4 адамды, немесе жұмыс күшінің санына 4,8%-ды құрады.

2023 жылғы IV тоқсанда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарсыз) 288 182 теңгені, 2022 жылғы IV тоқсанға өсім 15,0 пайызды құрады. Нақты жалақы индексі 2023 жылғы IV тоқсанда 103,8 пайызды құрады. Ал Жетісудағы экономиканың нақты секторы 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекке жалпы өңірлік өнім көлемі 1 207 954,8 теңгені немесе 2022 жылғы сәйкес кезеңге 115% құрады. ЖӨӨ құрылымында тауар өндіру үлесі 37,4%, қызмет көрсету 54,3%, өнімге таза салықтар 8,3% құрады. 2024 жылғы қаңтар айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағаларға шаққанда 21 628,4 млн. теңгені құрады. 2024 жылғы қаңтарда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (көрсетілген қызметінің) көлемі 11 109,2 млн. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы қаңтарға қарағанда 2,5% артық. 2024 жылғы қаңтарда құрылыс жұмыстарының (көрсетілген қызметтердің) көлемі 655,9 млн. теңгені құрап, 2023 жылғы қаңтардағы деңгейге 117,8% құрады. 2024 жылғы қаңтарда жүк айналымының көлемі 1135,6 млн. құрады. Көлік саласы 2023 жылғы қаңтардан бастап автомобиль көлігіндегі жүктерді және жолаушыларды коммерциялық тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер қызметінің көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдіснамалық тәсілдің өзгеруін ескере отырып қалыптастырылды. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы деректерді алу мақсатында көлік саласының 2022 жылғы негізгі көрсеткіштері қайта қалыптастырылды немесе 2023 жылғы қаңтарға 100,2 %-ды құрады. Жолаушылар айналымының көлемі 50,9 млн. жкм немесе 2023 жылғы қаңтарға 93,5%. 2024 жылғы қаңтарда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 11 149,9 млн. теңгені немесе 2023 жылғы сәйкес кезеңге 205,7% құрады. Кәсіпорын статистикасы 2024 жылғы 1 ақпанға жағдайға тіркелген заңды тұлғалардың саны 8176 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 2,4 % ұлғайды. Соның ішінде қызметкерлер саны 100 адамнан кем заңды тұлғалар 7945 бірлікті құрады. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың саны 6563 бірлікті құрады, оның ішінде 6333 бірлік – шағын кәсіпорындар. Облыстағы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (заңды тұлғалар) саны 6102 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4,5% ұлғайды. Сауда 2024 жылғы қаңтарда бөлшек сауда көлемі 20 440,0 мың теңгені құрады немесе 2023 жылғы сәйкес кезеңнің деңгейінен 29,4% артық. 2024 жылғы қаңтарда көтерме сауда көлемі 20 130,4 мың теңгені құрады. Екі жыл уақыт аз да, көп те емес бастысы жетісудың ауыз толтырып айтар жақсылықтары жетерлік, әрине үкімет те, ел президенті де бұдан хабардар, бастысы Жетісуға артылған үміт ақталуда, біз бұнымен тоқтамаймыз дамудың даңғыл жолына жаңа қадам жасаймыз. Ол үшін бізге күш-жігер, қайрат және басшыға деген сенім қажет.

Жетісу – жеті өзен бастауындағы қасиетті мекен. Жалпы, бұл аймақтың «жер жәннаты – Жетісу» аталатыны неліктен? Ал «Жетісу» атауы нені білдіреді? Ғалымдар өңірдің Жетісу аталуын жеті түрлі өзенмен байланыстырады. Алайда нақты қай өзендер дегенде олардың пікірлері сан тарапқа бөлінеді. Мысалы, А. Гейнс жеті өзенге: Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өзендерін жатқызса, А.Влангали: Басқан, Сарқан өзендерінің орнына солтүстік-шығыстағы Аягөз, оңтүстік-шығыстағы Іле өзендерін атайды. Ал кейбір географтар өңірдің шығу тарихы нақты өзендермен емес жалпылама алғанда өзенге бай өңір болғасын және қазақта жеті санын киелі санауымен байланыстырады. Жетісу аумағы Солтүстіктен Оңтүстікке дейін 900 шақырым және Шығыстан Батысқа дейін 800 шақырымды алып жатыр. Осындай ұлан-ғайыр алқаптың табиғаты да әртүрлі. Таудың етегі ауасы ылғалды, салқын болса, енді бір жерлерде көк майсаға бай, өзендер мен тау бұлақтары көп, егін егіп, мал жаюға өте қолайлы жерлер кездесетіндіктен деп жатады. Өйтсе де шынымен Жетісу – аграрлы өңір дегенімізбен, ауыл шаруашылығынан бөлек басқа да бағытта ілгерілеу баршылық. Мәселен, металлургиялық кешендерді жаңғыртып, қайта өңдеу саласында да біршама жаңалықтарымыз бар. Мемлекет басшысы айтқандай әр өңірдің өзіне сай бағыт-бағдары болуға тиіс. Қазір облыста туризм саласын дамытуға да ерекше көңіл бөлініп жатыр. Соған сай жолдар жөнделіп, инфрақұрылым біртіндеп ретке келіп келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында: «*Біз экономикамызда қордаланған мәселелерді жақсы білеміз. Мысалы, шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз. Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ*», - деп ел экономикасындағы мәселелерге тоқталған еді. Уақытында сол сөзге дұрыс мән бермеген едік, енді міне облыс әкімінің тікелей тапсырмасына сәйкес ауылды жерде қызмет атқарамын деген жетісулық жастарға үлкен мүмкіндіктер туып жатыр. Ауылға барған әр жас дәрігерді қолдау үшін облыс қазынасынан қомақты қаражат бөліп отыр. Облыс әкімінің тағы бір үлкен жобасы Жетісу облысы әкімдігі мен «Отбасы банк» арасында 2023-2025 жылдарға арналған «Жетісу жастары» бағдарламасы. Облыс орталығындағы талай жастардың баспаналы болуының өзі осы Бейбіт Өксікбайұлының тікелей еңбегінің жеңісі, уәдеге берік осындай азаматтың облыс басқарып келуінің өзі біз үшін үлкен қуаныш. Әкімнің алдына барсаң мінезімен қабақ шытып емес, күлімдеп қарсы алғанда айтар ойыңды соңына дейін асықпай тыңдағанда сабырлықтың алтын қоры сол кісіден басталған ба деп қаласың. Иә тік мінезі де бар, бірақ ол мінез халыққа емес қатардағы қызметкерге, тегінде мінезсіз адам басшы болмайды. Мінез болу керек, бірақ ол кісінің халыққа деген мінезі өте ерекше әрі жетісулықтарға жайлы. Бір ғана алакөлдіктер үшін қаншама ауқымды жобаларды іске асырып жатқаны көңіл қуантады. Шалғайдағы ауылдардың өзіне тұрғын үйлер салдырып, мамандарға беріп жатқаны тіптен керемет. Ол кісі ауданымызға келген сайын алдымен халықтың өтінішін тыңдап, артынша 120 көппәтерлі үй салуға пәрмен беріп кетеді, халық аң-таң, ал қазір сол пәтерлердің алды беріліп, артының жөндеу жұмыстары бітіп жатыр, бұл қуаныш емей немене? Мен жағынып, болмаса жағымпазданып айтып отырғаным жоқ. Көзім көріп, құлағым естіп, өзім де ол кісінің алдына жеке қабылдауына барып, ауылымның мәселесін айтып көрген соң, ішкі ризалығымды сыртқа шығарып отырмын. Қаншама ауыз толтырып айтар жақсылықтарымыз жетерлік, оның барлығын бір екі бетке сыйдыру мүмкін емес... Бұл жетісулық ағайынның облыс басшысы Бейбіт Өксікбайұлымен екі жылда жеткен жетістіктері.

Ербол АҚШОЛАҚОВ
ҚАБАНБАЙ АУЫЛЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫЛМЫС

ЕЛДІ ЕСІНЕН ТАНДЫРАТЫН ЕСІРТКІ ЖАЙЛЫ ЖАЗУДАН ДА, АЙТУДАН ДА ЖАЛЫҚПАУЫМЫЗ КЕРЕК. СЕБЕБІ, «ЖАҢБЫРДАН КЕЙІНГІ ҚАУЛАҒАН САҢЫРАУҚҰЛАҚТАЙ» ӨРІСІ КЕҢЕЙІП, ӘСІРЕСЕ ЖАСТАРДЫҢ САНАСЫН УЛАП ЖАТҚАН КЕСЕЛМЕН ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАН ӨКІЛДЕРІ АЯНБАЙ КҮРЕСІП КЕЛЕДІ.

ЕСІРТКІГЕ ЕЛІКТЕГЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та есірткі және зорлық-зомбылық пен жемқорлыққа қарсы күресті тоқтатпауды, заңды қатаңдатуды, заң шығарушы органдар мен қылмысқа қарсы күресетін органдарға қатаң талап қойды. Алайда, жеті басты айдаһардай, бір басын шапсаң денесінен екінші басы сұғаң етіп шыға келетін улы жәндік секілді есірткі де біржола жойылып кеткен жоқ. Адам баласының санасын улайтын өнімді сатушылар мен таратушылар, оған тәуелділер жең ұшынан жалғасып жатады. Шекара таңдамайтын бұл кесапаттың тамырын түбімен қопарып тастау да мүмкін емес. Сондықтан есірткі тасымалдаушылардың, оларды таратушылардың, өндірушілердің орныққан ұяларын, есірткіге қарсы күресетін күш құрылымдарын талқандап, қылмыскерлерді темір торға тоғытып та жатыр. Мәселен, биылғы жылдың басында Алматы облысында бірден үш есірткі зертханасының ордасы жойылды. Тінту шаралары барысында пайдалануға дайын 130 кг-дан астам есірткі тәркіленген. Алматы облысының ІІО қызметкерлері есірткі өндірген үш жасырын есірткі зертханасын, оның екеуі фитолаборатория болып шыққанын, Azattyq Ruhy Polisia.kz-ке сілтеме жасап хабарлаған-ды. Есірткі зертханасын ұйымдастырған төрт адам ұсталса, оның екеуі таяу шетел азаматтары болып шыққан. Шетелден келіп Қазақстанда қылмыстық жолмен пайдаға кенелуді көздепті. Ал, қазақстандық екі азамат шетелдіктердің қолтығына бүркеніп, есірткі өндіруді қолдаған. Енді олардың осы қылмыстары үшін дүниемүліктері тәркіленіп, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаланады. ҚР ІІМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Бақытжан Әмірхановтың айтуынша, жыл басынан бері 4 есірткі зертханасы жойылып, 400-ден астам есірткі құқық бұзушылығы анықталған. Осы қылмысты жасаған 160 адам ұсталса, оның 10-ы шетелдіктер екенін айтқан-ды. Шекара асып келгендер, қысылмай-қымтырылмай лас әрекеттерін Қазақстанда жалғастыруы, оған жергілікті қылмыскерлердің тартылуы аса қауіпті жағдай. Осыған қарап-ақ, қылмыс әлемінде шекара болмайтынына көзіңіз жетеді. Бұл ауыр қылмыстар арасында нәзік жандылардың жүргені жүректі сыздатады. Отбасы, ошақ қасында бала сүйіп, әулеттің сәулесін жарқыратып отыруға тиісті арулардың есірткімен ұсталып, түрмеде отыруы ауыр қасірет. Мақала дайындауда әлеуметтік желіден ақпарат сүзіп отырып, Атырау түрмесінде есірткі қылмысымен сотталған 33 әйел жазасын өтеп жүргенін оқып, жүрегіміз сыздады. Ақпаратты таратқан «Kazinform». Сұмдық қой бұл. Атырау облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, былтыр есірткі қылмысының алдын алу үшін 671 іс-шара өткізіпті. Адамзат баласының болашығына балта шабылуда. Есірткі және психотроптық заттарды тарату туралы ақпаратты қамтитын контенті бар 108 сайт пен басқа ресурстар бұғатталған. Бұл қылмыстың бел ортасында өрімдей жастардың жүруі, мемлекет үшін де, қоғам үшін де алаңдатарлық жағдай. Әлгі сотталушылардың жас мөлшерлері 19 бен 40 жастың арасында екен. Граммдап немесе киллограмдап емес тонналап өндіріп жатқандарын көргенде көзіңіз шарасынан шығып кете жаздайды. Жамбыл облысында өткен жылы 6 тоннаға жуық есірткі тәркіленгенін Polisia.kz. хабарлаған болатын. Мұнда да жасырын есірткі зертханасы қарасораны өндегендердің қылмысы әшкерленген. 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру



шеңберінде мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыстардың арқасында 2023 жылдың 12 айында есірткі қылмысының 576 дерегі анықталған. Заңсыз айналымнан 5 тонна 818 келі есірткі алынған. Жасырын бизнесті ұйымдастырған 5 адам тұтқындалған. Полицейлер 34 келіден астам синтетика және 4 тонна прекурсорлар тәркілеген. Синтетикалық есірткіні сақтағаны және сатқаны үшін 20 адам ұсталған. Бұл қылмыстың арасында 64 жастағы әйел бар. Қарасораға қатысты: Шу алқабынан 1 тонна 293 келіден астам есірткі тәркіленсе, оны басқа облыстарға тасымалдап әкетуге әрекеттенген, қарасораны шабу және дайындау кезінде 15 адам ұсталып, қарасора өсірудің 20 дерегі анықталып, 1800 келіден астам қарасора тәркіленген. Жамбыл облысында да 1 383 интернет-сайт бұғатталып, 392 есірткі жарнамалаған граффити жазулар жойылған. Егерде күш құрылымдары осы қылмыс ұяларын әшкерелеп, талқандамағанда, қаншама адамның өмірін ойрандайтын еді? Заңсыз, әрі жасырын бизнестерін дамытпақ болған есірткі мен қарасора өндірушілер қатарына адамдар тартатыны баршаға аян еді. Онсызда бұл қылмыстың арасында жасөспірімдердің тіпті мектеп түлектері мен студенттердің жүргені қорқынышты. Бұл жөнінде Ақтөбе облысында есірткі бизнесіне жастардың араласқаны айтылды. Жас шыбықтай солқылдаған боз балалардың есірткіге тәуелді болып, соны сатып бизнес жасап жүргендері көңілге қаяу салады. Есірткі өндірушілер мен оны сатушыларды анықтау барысында 9-сынып оқушысы ұсталған. Бұл жайлы ҚР ІІМ Есірткі іс-қимылына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Бақытжан Әміржанов айтқан болатын. Есірткі заттарын сатуда, интернет-дүкендердің иелері де мүмкіндікті пайдаланады екен. Тек, 2023 жылы синтетикалық есірткі таратқаны үшін 40-тан астам жасөспірім және кәмелетке толмағандар ұсталған. Жыл басында Ақтөбе қаласында қолға түскен 9-сынып оқушысының қалтасын тінту барысында 48 дана синтетикалық түйіншек табылған. Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында да 11-сынып оқушысы ұсталған болатын. Тағы бір 21-жасар азамат наша жасырудың қыр-сырын танып үлгерген. Жігіт ақпан айында көзге түсіп, қолға түскенде, жедел-іздестіру шарасында ұнтақ зат салынған 10 полимерлік түйіншекпен қолға түскен күдіктіден жауап алу барысында қала орталығынан есірткі жасырылған 15 орын анықтаған. Бұл ата-ана үшін де ауыр соққы. Есірткі сатумен айналысқан 34 жасөспірім ұсталды. Жыл басынан бері Қазақстанда полицейлер есірткі қылмысына қатысқаны үшін 34 баланы ұстаған (Zakon.kz-хабарлаған). Бұл ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жіберген қателігі. Қадағаламаудың, бақыламаудың баланы еркіне жіберудің түбі қайда апарып соққанын ата-анасы кеш түсінді. Бұл қылмысы үшін бала жазасыз қалмайды. Баласы үшін ата-анасы да жауапты болады. Есірткі өткізгені үшін 14 жасынан бастап қылмыстық жауапкершілікті көздейтінін және 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатынын, бала тәрбиелеп отырған ата-аналар білуі тиіс. Біліп қана қоймай, бір мезгіл балаға жаман әдеттерге жолама, бізді жерге қаратпа, «тек жүрсең тоқ жүресің» деп ақыл айтып отыру бала өсіріп отырған әрбір ата-ананың борышы. Сол, 9-сынып оқушысын қалада тұратын ата-анасы неге спорт үйірмелеріне бермеді екен деп уайымдайсың. Бәріміз бала-шаға бағып отырмыз, «кімнің алдына кім шығыпты» дейтіндер табылар. Алайда, бауыр етің, балаңның қылмыскер болғаны жақсы ма? Жоқ азамат болып қалыптасқаны жақсы ма? Әрине, азамат болып, елдің алдында ата-анасының жүзін жарқыратып, атын шығарып жүргенді қай ата-ана қаламайды дейсіз! Есірткінің кесірі мемлекетті де күйретіп тынады. Адамзат баласын да аздырады. Сол үшін бұл қылмыспен тек қана құзырлы органдар ғана емес, қоғам болып күресуіміз қажет. Есірткіге қатысты ақпарат көздерін қарап отырсаң тұла бойың түршігеді. Ұлттық қауіпсіздік комитеті 2023 жылы «қара нарықтағы» бағасы 20 млрд. теңгеден асатын есірткіні тәркілеген. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау бойынша 150-ден астам операция өткізген. Бір жылда 34 халықаралық және 32 өңірлік есірткі жеткізу арналарының көздерін жойған. Сондай-ақ, 36 жасырын есірткі зертханасының жұмыс қызметі тоқтатылған. Есірткінің заңсыз айналымына қатысы бар 101 адам сотталған. Баспасөз қызметінің айтуынша, еліміздің және шетел азаматтарын қоса алғанда 169 азаматқа қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатқанын хабарлады. Қазақстан арқылы есірткіні әкелу және тасымалдаудың жолын кесу бойынша шет мемлекеттерінің құзыретті органдарымен бірлескен 32 операция жүзеге асырылған. Шырмауықтай бір-бірімен шырматылған есірткі тасымалдаушыларға қатысты шекаралық бекеттерде қырағылықты күшейтуде. Алайда, құлығына құрық бойламайтын әккі қылмыскерлер есірткі тасымалдауда небір айла-шараға баратыны айдан анық. Есірткіні таратып қана қоймай, оны өндейтін арнайы цехтар ашып, жасырын өндіріп отырғандардың әрекеті пайда табу. Оларға мемлекеттің, қоғамның құны бес тиын. Теріс жолмен қатарларын көбейтіп адам баласының санасын улау, өз өнімдеріне сұранысты артыруға ынталылар. Мұңдайлардың жолдарын кесіп, көздерін құртпайынша қылмыс өрши береді. ҰҚК Павлодарда ірі синтетикалық цехты анықтап жойған. Цех 0.5 гектар аумақты алатын жерде орналасқан. Зерделеу барысында психотроптық заттарды әзірлеу үшін және оны одан әрі ТМД елдерінде сату мақсатымен Қазақстанға келген шетелдік азаматтарды анықтаған. Тұтқындалғандарды тінту барысында 100 келіге жуық «a-PVP» психотроптық заты мен прекурсорлар табылған. Сонымен қатар синтетикалық есірткі өндірісіне арналған заманауи құрылығы тәркіленген. Өткен жылы тағы да осы Павлодар қаласында Ішкі істер министрлігінің Есірткі қылмысына қарсы күрес департаменті осы Павлодар облысының полиция департаментімен бірлесіп, жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізгенде, героиннің ірі партиясын «транзиттеу» арнасының жолын кескен. Онда құны 2,5 млн. доллар болатын есірткі тасымалдаған Қырғызстан азаматы ұсталған. Қазақстанның қай аймағын алып қарасаңызда есірткінің иісі бұрқырап тұр. Есірткіні таратушылар мен өндірушілердің торға тоғытылып жатқаны қаншама, ал қолға түспей жасырын әрекет жасап жүргендері қанша екенін бір Құдай ғана біледі. Жіп ұшына ілініп, соңдарына шырақ алып түскендері бәрібір құрықталады. Өткен жылы Шымкент қаласында 137 келіден аса есірткі тәркіленді. Есірткі заттарын аса ірі көлемде сақтаудың 12 фактісі анықталып, оны дайындайтын 4 зертхананың жұмысына тосқауыл қойылған. Қазақстан бойынша есірткі қылмысымен айналысатын үш топ құрықталса, оның бірі Шымкент қаласында анықталған. Ұсталғандар синтетикалық есірткі сатумен және оны таратумен айналысқан. Мұнда да кәмелетке толмағандар арасында есірткі қылмысымен айналысқандар анықталған. Ақмола облысының тұрғыны есірткі зертханасын құрып және ұйымдастырғаны үшін құрықталған. Жедел уәкілдер зертхананы аудан орталығына іргелес ауылдардың бірінде үй сатып алып, өз өндірісін өрістеткен 21 жастағы жергілікті тұрғын болған. Тінту іс-шаралары барысында есірткі құралдарын 430 литр прекурсорларды дайындауға арналған жабдық, салмағы 755,88 грамм "a-PVP" психотроптық заты тәркіленген. «Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады» демекші, қолға түскен күдікті бұрын есірткі затын жасырын сатушы болып жұмыс істеген, ал кейіннен кәсібі бойынша жоғарылап, сату үшін есірткі заттарын өндірумен айналысқан. Жетісу облысында да есірткі зертханасының жолы кесілген. Екі азамат облыс аумағында алдын ала сөз байласып, мефедрон психотроптық затын дайындау жөніндегі зертхананы іске қосып, аса ірі мөлшерде (23кг.) психотроптық затты өткізуді, тасымалдауды және сақтауды жүзеге асырғанын Azattyq Ruhy хабарлаған болатын. Қылмыстық ниеттерін жүзеге асыру үшін олар есірткі затын дайындауға арналған арнайы жабдықталған үй сатып алыпты. Қолға түскендер сот үкімімен 10 жыл бас бостандықтарынан айырылды. Облыста есірткіге қатысты 160-тан астам құқық бұзушылық анықталып, заңсыз айналымнан 300 келіге жуық есірткі тәркіленген. Өңірдің құқық қорғау органдарының күшімен 17 есірткі сатушы мен 7 есірткіні жасырып қойып кетуші ұсталып, жауапқа тартылған. Есірткі өндірушілер сатушылар темір торға тоғытылар. Бірақ, абақтының ар жағында жатып та, осы қылмыспен айналысушылар жайлы аз айтылып жүрген жоқ. 10-15 жылға сотталғандар түрмеден сабақ алып, түзеліп келіп жатқаны шамалы шығар. Ұзақ мерзімді өтеп келгенде қайтадан осы қылмысқа барып жатқандары бар. Сондықтан есірткіге қатысты жазаны ауырлатып, өмір бақи бас бостандығынан айыру жазасын қарастырған абзал шығар!

Айтақын МҰХАМАДИ
Суретттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 26 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.40 «Шаңырақ»
06.30 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х«Ауыл мұғалімі-2»
13.30, 02.45 «Өмір көркем»
14.35«Отандық бренд»
14.50 «Ақорда»
15.15 «Апта»
16.05 Т/х«Сезім толқыны»
20.30,00.40 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
01.35 «Сана»
02.45 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Принцесса Монако»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.25 Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Алданған үміт»
14.00 Т/х «Бозторғай»
15.00 Т/х «Впереди день»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»
21.45 Хабарлайк
22.30 «Жаңбырлы ғұмыр»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
12.00 «Кеш келген махаббат»
13.00, 23.45 Т/х «Кэ Бэк»
14.20 Өткінші жаңбыр
15.00 Сериал «Склифософский»
16.00 Ради любви я все могу
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамада батл»
07.00,03.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся!»
12.00 Домроботница
14.00, 01.45 Новости
14.15, 02.00 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.00 Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Реализация»
00.20 Сериал «Знахарь»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50 Т/х «Бақытты аңсағандар»
11.10, 01.20 «Юморина»
12.40 Мелодрама «Бриллиантовое сердце»
15.00 Т/х «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30,04.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.30 Остросюж.детектив «Холодные берега»
01.20 «Было дело»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 «Ділмар»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Единый народ»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел мен жер»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Елге қызмет»
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 23.10 Т/х «Чукур»
09.00, 01.40 «Тайм вайн»
09.30, 02.20 «Tik-Tok» шоу
10.00 Т/х «Пиноккио»
11.20, 12.30 Мультсериал
13.00 Кино
15.00 Кодекс Киллера
17.10 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Снайпер»
00.10 «31 әзіл»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.00 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.00 Т/х «Ата ана бала шаға»
09.20, 17.40 Сериал «Любимые дети»
11.20 Х/ф Гламур для дур
14.40 Т/х 12 күн
15.00 Т/х «О махаббат»
16.00, 22.50 Т/х «Шабдалы 18»
17.10 «Жұлдызды шаңырақта»
17.40 Возвращение
19.40 Сериал
21.40 «Гости из прошлого»
22.20 Т/х «Махаббат қызық хикая»
00.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
02.40 «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Утерянное Положение филиала РГУ «Департамент Судебной администрации Республики Казахстан по области Жетісу» - Администратор специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних БИН 220941006031 считать недействительным.

Сейсенбі - Вторник, 27 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.40 «Шаңырақ»
06.30 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х«Ауыл мұғалімі-2»
13.30, 02.45 «Өмір көркем»
14.35«Отандық бренд»
14.50 «Ақорда»
15.15 «Апта»
16.05 Т/х«Сезім толқыны»
20.30,00.40 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
01.35 «Сана»
02.45 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Принцесса Монако»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.25 Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Алданған үміт»
14.00 Т/х «Бозторғай»
15.00 Т/х «Впереди день»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»
21.45 Хабарлайк
22.30 «Жаңбырлы ғұмыр»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
12.00 «Кеш келген махаббат»
13.00, 23.45 Т/х «Кэ Бэк»
14.20 Өткінші жаңбыр
15.00 Сериал «Склифософский»
16.00 Ради любви я все могу
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамада батл»
07.00,03.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся!»
12.00 Домроботница
14.00, 01.45 Новости
14.15, 02.00 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.00 Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Реализация»
00.20 Сериал «Знахарь»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50 Т/х «Бақытты аңсағандар»
11.10, 01.20 «Юморина»
12.40 Мелодрама «Бриллиантовое сердце»
15.00 Т/х «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30,04.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.30 Остросюж.детектив «Холодные берега»
01.20 «Было дело»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Елге қызмет»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жаyhарлары»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Ғасырлар сарыны»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Туынды тарихы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 23.10 Т/х «Чукур»
09.00, 01.40 «Тайм вайн»
09.30, 02.20 «Tik-Tok» шоу
10.00 Т/х «Пиноккио»
11.20, 12.30 Мультсериал
13.00 Кино
15.00 Кодекс Киллера
17.10 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Снайпер»
00.10 «31 әзіл»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.00 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.00 Т/х «Ата ана бала шаға»
09.20, 17.40 Сериал «Любимые дети»
11.20 Х/ф Гламур для дур
14.40 Т/х 12 күн
15.00 Т/х «О махаббат»
16.00, 22.50 Т/х «Шабдалы 18»
17.10 «Жұлдызды шаңырақта»
17.40 Возвращение
19.40 Сериал
21.40 «Гости из прошлого»
22.20 Т/х «Махаббат қызық хикая»
00.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
02.40 «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 28 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.40 «Шаңырақ»
06.30 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х«Ауыл мұғалімі-2»
13.30, 02.45 «Өмір көркем»
14.35«Отандық бренд»
14.50 «Ақорда»
15.15 «Апта»
16.05 Т/х«Сезім толқыны»
20.30,00.40 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
01.35 «Сана»
02.45 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Принцесса Монако»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.25 Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Алданған үміт»
14.00 Т/х «Бозторғай»
15.00 Т/х «Впереди день»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»
21.45 Хабарлайк
22.30 «Жаңбырлы ғұмыр»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
12.00 «Кеш келген махаббат»
13.00, 23.45 Т/х «Кэ Бэк»
14.20 Өткінші жаңбыр
15.00 Сериал «Склифософский»
16.00 Ради любви я все могу
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамада батл»
07.00,03.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся!»
12.00 Домроботница
14.00, 01.45 Новости
14.15, 02.00 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.00 Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Реализация»
00.20 Сериал «Знахарь»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50 Т/х «Бақытты аңсағандар»
11.10, 01.20 «Юморина»
12.40 Мелодрама «Бриллиантовое сердце»
15.00 Т/х «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30,04.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.30 Остросюж.детектив «Холодные берега»
01.20 «Было дело»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Ғасырлар сарыны»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Туынды тарихы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 23.10 Т/х «Чукур»
09.00, 01.40 «Тайм вайн»
09.30, 02.20 «Tik-Tok» шоу
10.00 Т/х «Пиноккио»
11.20, 12.30 Мультсериал
13.00 Кино
15.00 Кодекс Киллера
17.10 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Снайпер»
00.10 «31 әзіл»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.00 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.00 Т/х «Ата ана бала шаға»
09.20, 17.40 Сериал «Любимые дети»
11.20 Х/ф Гламур для дур
14.40 Т/х 12 күн
15.00 Т/х «О махаббат»
16.00, 22.50 Т/х «Шабдалы 18»
17.10 «Жұлдызды шаңырақта»
17.40 Возвращение
19.40 Сериал
21.40 «Гости из прошлого»
22.20 Т/х «Махаббат қызық хикая»
00.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
02.40 «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУДАН ТЫНЫСЫ

МҰЗ АСТЫ БАЛЫҚ АУЛАУ ТУРНИРІ ӨТТІ

КӨПШІЛІК ЖАЗДА АЛАКӨЛДІҢ ШИПАЛЫ СУЫНА ШОМЫЛСА, КӨЛ БЕТІНЕ МҰЗ ҚАТҚАН ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕ БАЛЫҚ АУЛАҒАНДЫ ҰНАТАДЫ. ОСЫ ОРАЙДА АЛАКӨЛ АУДАНДЫҚ ӘКІМДІГІНІҢ БАСТАМАСЫМЕН ТҰРҒЫНДАР АРАСЫНДА «АЛАКӨЛ 2024» МҰЗ АСТЫ БАЛЫҚ АУЛАУ ТУРНИРІ ӨТТІ.

Турнирді ұйымдастыру жұмыстарын «Балқаш-Алакөл облысаралық бассейіндік балық шаруашылығы инспекциясы» РММ мен «Причал» аңшылық дүкені атқарды. Алакөл аудандық әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, жалпы саны 51 адам қатысқан турнир аса тартысты өткен. Оған Алматы, Абай облыстарынан қатысушылар келіп, жарыста өзара бақ сынасты.

Ұйымдастырушылар алдымен қатысушыларға жарыс ережесі мен қауіпсіздік ережесін түсіндіріп, жарыста сәттілік тіледі. Турнир басталардан бұрын қатысушылар тіркеуден өтіп, арнайы реттік нөмірлер алды.

Турнирге қатысушылардың жасына шектеу қойылған жоқ. Жарысқа жалғыз емес, отбасымен бірге қатысқандар да бар. Мәселен, аудан тұрғыны Жәнібек Смағұлов жарысқа ұлымен бірге келген. *«Өзім де, балам да балық аулағанды жақсы көреміз. Біз оны қыстың шыңылтыр аязында таза ауадағы белсенді демалыс деп санаймыз. Бүгін 30 метр тереңдікке қармақ лақтырып, балық ауладық. Ең алғашқы балық менің қармағыма түсті. Көңіл күйіміз керемет, біз үшін тамаша демалыс болды»,* – дейді жеңімпаздардың бірі Ж. Смағұлов.

Жарыс қорытындысы бойынша 1 кг 150 гр балық аулаған Абай облысы Үржар ауданының тұрғыны Қалибек Ерсін бірінші орынды иеленді. Ал екінші және үшінші орындар үшаралдықтар Оксана Филонова мен Ярослав Ивановқа берілді. Сол сияқты «Ең бірінші ауланған балық», «Ең бірінші ауланған алабұға», «Ең бірінші ауланған көксерке», «Ең кішкентай балық» аталымдары бойынша қармағы қара судан бос қайтпағандар да марапатталды. Ең алғашқы балық та, ең алғашқы алабұға да Жәнібек Смағұловтың қармағына іліккен. Ал ең алғашқы көксеркені Василий Суслов ауласа, ең кішкентай балық Алматы облысының тұрғыны Жомарт Сәрсенбековтің қармағына түсті.

Атап өтсек, ауланған ең ірі алабұға балығының салмағы 500 граммнан асса, ең кішкенесінің салмағы 85 грамм. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге аудан әкімдігінің алғыс хаты мен турнирге демеушілік көрсеткен «Причал» дүкені мен «Ник Ойл» ЖШС мекемесінің арнайы сый-сияпаттары табыс етілді.

Жалпы мұз асты балық аулау турнирі Алакөл жағалауында биыл алғаш рет өткізіліп отыр. Бұл шара саламатты өмір салтын насихаттау, Алакөл көліне деген халықтың ықыласын арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Қатысушылардың қызығушылығының көптігіне байланысты турнир алдағы жылдарда да жалғасады деген жоспар бар.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЕРЛІК САҒАТЫ

АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Талдықорған қаласындағы Мағжан Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы басшылығының ұйымдастыруымен «Ауған соғысы тарих қойнауының бір парағы» атты мектеп оқушыларымен «Ерлік сағаты» өткізілді.

Шараны бастамас бұрын алдымен Ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Алғы сөзді мектеп-гимназиясының директоры Қарлығаш Замзина бастап, Ауған соғысы ардагерлерін 15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуымен құттықтап өтті. Ол Ауған соғысының тарихын атай отырып, ерен ерлікке тағзым ету мәңгілікке жалғасатынын атады.

Шараға қонақ ретінде шақырылған 18404 әскери бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары - бөлім бастығы подполковник Абзал Таждинов та жүрекжарды лебізін білдірді.

Іс-шарада Ауған соғысы туралы арнайы дайындалған деректі фильм көрсетіліп, оқушылар сахнада көрініс көрсетті.

Келген ардагерлерге мектеп-гимназия директорының естелік сыйлықтары, сонымен қатар мектеп-гимназия директорына 18404 әскери бөлім командирінің алғыс хатымен естелік сыйлығы табыс етілді. Кеш шәкірттер мен әскери бөлімнің үрмелі оркестр әншілерінің орындаған патриоттық тақырыптағы концертке ұласты.

ШЫРАЙЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Талдықорған қаласындағы инновация колледжінің студенттері Ауған соғысы ардагерлерімен кездесті.

Кездесуге Ауған соғысының ардагерлері толыстағы майор Талғат Советқазыұлы Бердікенов және толыстағы аға прапорщик Бауыржан Ыбыраймұлы Балғожинов арнайы келді.

Шара барысында қонақтарға сөз беріліп, жылы тілектерін білдірді. Кездесуді ұйымдастырған алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы Берік Кенбаев мұндай іс-шаралар студенттер бойындағы патриоттық сезімін жоғарылату, Отанына деген намысшылдығын, сүйіспеншілігін арттыруға септігін тигізерін айтты.

Іс-шара соңында колледж директоры Руслан Жантелов Ауған соғысының ардагерлеріне Алғыс хаттар табыстап, естелік сыйлықтар ұсынды.

ӘСКЕРИ ӨМІР

КУӘЛІКТЕР БЕРІЛДІ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЖЕТІСУ ГАРНИЗОНЫ ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРІНІҢ БАҚЫЛАУ ТЕХНИКАЛЫҚ ПУНКТІ БАСТЫҚТАРЫНА КУӘЛІКТЕР БЕРІЛДІ.

Жетісу гарнизоны Әскери полиция бөлімінің әскери автомобильдік полиция бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Қайрат Рахымжанның сөзінше, гарнизонға қарасты әскери бөлімдердің бақылау техникалық пункті бастықтарынан сынақтар қабылдап, сүрінбей өткен 29 әскери қызметшіге куәліктер табыс етілді. Сондай-ақ, әскери көліктердің техникалық жағдайы тексеріліп, көлік құралын пайдалануға тыйым салынатын, жол жүрісі қауіпсіздігіне қауіп тудыратын ақаулары бар әскери автокөліктерді пайдаланбауға және ондай көліктерді арнайы көлік құралы паркінен шығармау туралы бақылау техникалық пункті бастықтарына нұсқаулықтар берілді.

Сонымен қатар бақылау техникалық пункті бастықтарына Қазақстан Республикасы жол жүрісі қағидалары және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптары жеткізілді.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

ЕСКІ КІТАПТАРДЫҢ

Адам жанына не керектің бәрі бар алып базардың терең сай жағындағы, көздің жауын ала ыінтіресіп тұрған шетелдік тәуір тауарлардан бәлесі аулақ дегендей шетке ығыстырып тастаған ескі-құсқы заттар сататын бөліктегі темір құжыраға соңғы кезде бір қазақ жиі келгіштеп жүр. Келеді де мұның мұқабалары ескіріп, парақтарының шеті сарғайған көне кітаптарына дастарханда ғы жайнаған асқа қомағайлана көз салған адамдай ашқарақтана үңіледі. Үңіліп жүріп кейбірін қолына ап, ұзақ парақтайды. Көзі жетпеген кейбір сөздеріне сығырайып тұрып қарайды. Сөйтіп жүріп, өткенде, жанары Набоковтың төрт томдығымен қауышты.

Кісі айналып жүре алмайтын тар жерде бәрін көріп, біліп отыр, Набоковты кездестіргенде көзі жайнап кетті. Бірақ әккі екен, бұған сыр бермеді. Жарық көргеніне отыз жылдан асса да жақсы сақталған төрт томдықтың қап-қара тысында бір мін жоқ еді. Мұқабаның ақ түсті және алтын тақылеттес бояулармен безендірілген ою-өрнектері мен жазулары әлі күнге дейін көз тартып тұр. Кітаптың сыртын қайта-қайта аялай сипап, сүйсіне қарағыштай бергеніне қарағанда ол бір жағынан сол күйі сақталған сәніне де риза болған болуы керек. Мазмұнына шүйілген кездегі көзқарасынан төрт томдыққа енген шығармаларға да көңілі толғанын байқады. Қолындағы жаңа ғана көрген кітаптарын сөредегі орнына қайта қойғанымен, одан ұзап кете алмай, артына қарағыштай бергенінен-ақ саудасының жүретінін іші сезіп, қуаныштан бүйрегі бүлк ете қалды. Тек бағасын асыра айтып, бүлдіріп алмаса болды. Өйтсе, кінә өзінен.

Кітапқұмар кісі Набоковты қай жерге қойғанын ұмытпайын дегендей сол тұсты көзімен «белгілеп» алды да, кітаптар қатарын одан ары қарай сүзе бастады. Бір шетке Шалом-Алейхемнің алты томдығын бірінің үстіне бірін жинап қойған. Енді соларды көріп қап, жанарымен тесіп барады. «Апырау, мынау шынымен соның өзі ме?» дейтін сияқты назары. Тесілуіне қарағанда Мәскеудің «Көркем әдебиет» баспасынан шыққанына елу жылдан асса да әлі сыры да, сыны да кетпеген алты томдықтың саудасы да сәтті болатын сияқты. Қазіргі баспалардан шығып жатқан кітаптардың енді елу жылдан соң қандай күйге түсетіні бір Құдайға ғана аян, ал мына Набоков пен Шалом- Алейхем томдарының сақталуына сын айта алмайсың. Ескі деуге де ауыз бармайды, сатып, пұл қылуға да ұялмайсың.

Екі авторлың кітаптарын қосқанда барлығы он том болды. Әрқайсысын 800 теңге деп есептегенде, барлығын 8 000 теңге деуге болады. Ондағы ойы кітап сатып алушылардың, оның ішінде әсіресе осы қазақтың келген сайын бағаны түсіріп, саудаласуға құмар екенін біліп алған. Сондықтан «азар болса әрқайсысын 500 теңгеден бер» деп сұрайтын шығар деп топшылаған.

Солай болды да шықты. Кітапқұмары бәрін 5000 теңгеге сұрады. Сөйтіп тұрып есік жақта жатқан Есениннің қалтаға сап жүруге ыңғайлы кішкентай ғана жыр жинағын көзі шалып қалды.

– Мынаны сыйлық ретінде бересің бе?

Көбірек зат алған адамның бір тауарды сыйлыққа сұрайтын дәстүрі де бар бұл жақта. Үнемі келіп жүретін алушыннан айырылып қалмау үшін олардың ондай «еркеліктерін» көтеруіне де тура келеді. Оның үстіне мынаның өтінішінде қимас заттарын бір-бірінен қалап алатын досжаранның арасында ғана болатындай бір ерекше үн бар. Сондықтан он том кітапты он мың емес, бар болғаны бесақ мың теңгеге беріп тұрса да келісті. Есесіне, Есенині темір қапастан қаланың төріндегі жайлы пәтерге барып, сөздің қадірін білетін адамның көдесіне жарайтын болғанына қуанды.

Бір таңғалатыны, ескі кітаптар арасынан інжу іздегендей апта аралатып кеп тұратын осы қазақтың орысшасы шамалы. Бірақ

Толстойды, Гогольді түп нұсқасынан оқимын дейді. Қандай бақытты жан. Мұның анасы бар, олардың ата-бабалары бар дегендей, аяқтары осы қаланың топырағын басқалы қаншама ғасырлар өтсе де бір қазақпен қазақша сөйлесіп көрмепті. Өмірінде қазақша кітап та оқымапты. «Қазақша оқып үйренейікші осы» деп ниет те қылмаған. Ниетің не, орыс тілін білмейтін қазақтардың «ускөлкі», «дәй», «кәгдә» дегендеріне анау көрші дүңгіршектегі Дмитрий сияқты кезінде бұл тырқылдап тұрып күлетін. Күлген де бер жағы, «мудак» деп тыжырынған тұстары да болды.

Енді сол «күлкі» өз басына келді. Бірақ бұлардың бір жақсы жері, ежіктесең де екі-үш ауыз сөзін айтсаң болды, кәдімгідей жандарына жақын тартып, сенің әлгі екі-үш ауыз сөзіңе бола төбеңді көкке көтере мақтап, «мәледес» деп мәз боп қалады. Мына базар толы адамдардың бір-бірлеріне не деп әңгіме айтып, не деп жарқылдап күліп жатқандарын түсініп, бұл да солармен бірге қауқылдасып отырар ма еді, шіркін! Ұққаны, айналаңдағы тілді түсінбей, жападан жалғыз мелшиіп отырғаннан жаман нәрсе жоқ екен дүниеде.

* * *

Евгенийдің дәтке қуат ететіні кітаптары. Мынау қаптаған халықпен дәнекер боп жатқан да осылар. Содан ба, сөресіндегі сірестіре жиналған айналайындарына қараса болды, тіршілікке деген үміті оянып, бір күн болса да өмір сүргісі кеп кетеді. Сап түзеген сары тіс ақылшылары да: «Женя, сен біз тұрғанда саспа», – деп дем беріп қоятын сияқты.

Үйінің төріндегі кітап сөресінде Достоевскийдің отыз томдығы тұр. Темір құжырасында оның он екі томдығы тағы бар. Бірақ үйіндегі отыз томдық мұның анасы үшін өте құнды. Хаттары, естеліктері, тағы басқалары. Әлгі қазақ 12 томдықты емес, анасының сары майдай сақтап жүрген сол отыз томдығын сатшы деп қиылады ылғи.

Анасы көп жыл «Букинист» дүкенінде кітап сатты. Женядағы кітапқұмарлық қасиет те сол дүкендегі том-том кітаптардың арасында өскендіктен шығар. Кейде үйіндегі ыінтірескен кітаптарға қарап жатып, анасы дүние жинамаса да, үйінің төрт қабырғасын әлемнің небір даналарына толтырып қойғанына риза болады. Тіпті әлгі мықтылар мұның төріне жиылып ап, мәслихат құрып отырғандай марқаятыны бар. Сосын солармен сөйлесіп жүріп, шаңын сүртеді, орындарын ауыстырып, қайта жинайды.

Тағы бір қазақ бар, келеді де:

«Буковскийден не бар?» деп сұрайды. Сірә, оған усойқы Чарльздің еркектер мен әйелдер арасындағы құмарлық құпияларын қаз-қалпында жазатыны ұнайтын болар. Енді бір қазақ Уильям Сароянды оқығысы келеді. Мейлі ғой, кімді сұраса, оны сұрасын, әйтеуір, кітаптарын қарап, әңгімелесіп кететін жанашырлары дәл қазір осылар боп тұр.

Сонда бұл қандай халық? «Әулие» деп осындайларды айта ма? Орыс тілін шала-пұла білсе де біреуі Буковскийді сұрайды, екіншісі Сароянды оқығысы келеді. Анау алпамсадай қазақ Шалом-Алейхем мен Набоков үшін бес мың теңгесін Каспий голдына аударып берді де, қансонардан қанжығасы майланып қайтқан аңшыдай тоқ көңілмен қоштасып кете барды. Тіпті «хабарласып тұрайық» деп, мұның телефонының нөміріне дейін жазып алды. Осы бес мың теңгеге бола анасы қалай қуанады десеңші енді. Қарс түйілген қабағы бұлттан шыққан күндей ашылып, дүкеннен әкеліп қойған дайын тұшпараны кәстірөлдегі бүлкілдей қайнап жатқан қара суға салып, бабымен пісіреді де дастарханға қояды. Әдемілеп шәй демдегісі кеп жүріп асығыста кесе-шәйнекті салдырлатып, әбігерленіп кететіні де бар. Ал кей күндері бір кітабы да өтпей, басы салбырап, мұңайып келгенде анасының да ұнжырғасы түсіп кетеді.

* * *

Мамандығы «электрші» екенін айтып еді – Набоковты сатып алған



әлгі қазақ таңғалды. Тіпті «Неге өз мамандығыңмен жұмыс істемей жүрсің? Қазір электршілерге сұраныс көп қой» деп, әңгімеге тартқысы да келді. Бұл электр бағанасының басынан құлап, сүйегін екі-үш жерінен зақымдап алғалы бері ол жұмысты қойып, кітап сатуға отырғанын айтқанда ғана жаны ашып, қиналғанын білдіргендей көңілі қабаржып қалды.

Бағана басынан құлағалы бері де жиырма жыл болыпты. Оған дейін ескі кітаптарды анасы сататын. Ендігі кезек мұнікі. Анасы жетпіс бесте. Өзі қырық сегізде. Мейлі «елу» дей салайықшы. Бірақ әлгі алпыс үштегі қазақ бұған «өз жасыннан әлдеқайда егде көрінесің» деп қайран қалған. Қайдан білсін, Катеринаның сатқындығы жасынан бұрын қартайтып жібергенін.

Евгений кейде «әй, өзіміздің де бар ғой» деп күйіп-піседі. Дмитрийді айтады да, көрші контейнердегі ұсақ-түйек сататын жігіт ше. Ешкімнен беті қайтып көрмеген ұрыншақ. Өзі өмір сүріп жатқан ортаның «үлкенді сыйлау» деген есті сөзінен үйренбеген соң не қайыр? Әлгі кітапқұмар қазақ Набоковтың төрт томдығын, Шалом-Алейхемнің алты томдығын, оларға қосып сыйлыққа деп Сергей Есениннің кітабын алғанына мәз боп тұр еді, сұрың құрғыр сол Дима құжырасынан сумаң етіп шықты да жетіп келді. Жетіп келді де:

– Ал мына сатып алған кітаптарыңда не жазылған сонымен? – демесі бар ма шашы мен мұртын ақ қырау шалған егде кісіге мысқылдай қарап.

Әдетте, қазақтар, тіпті ол зиялы қауым өкілдерінен болсын, мұндай кекесін сөзді көтере алмайды. Шарт ете қалады. Сосын оның аяғы ұрыс-керіс, сарт-сұрт төбелес боп, ел арашаға түсіп жатқаны. Бұл жерде де бар бәле Диманың кітапқұмар қазақтың шала орысшасын сезіп қойып, «мына қотыраш орысшаңмен не оқып жарытпақсың?» деген астамшылығында жатыр еді. Құдайдың сол күні әлгі қазақты қандай мейірімге бөлеп, рахымды етіп қойғанын қайдам, Дмитрийге ашуланбай сабырмен қарап:

– Сен не, Набоковты білмейсің бе? – деді орысшалап.

Дима мұндай қарсы сұрақты күтпесе керек, қапелімде не дерін білмей сасып қалды.

– Жоқ.

– Набоков деген орыстың ұлы жазушысы. Баяғы билік оны кезінде шет елге қуып жіберген. Елден елге ауып жүрсе де небір ғажап романдар жазған. Әрі-беріден соң Нобель сыйлығын да алған. Оның анау атақты романы бойынша фильм де түсірілген. Аты қалай еді, табан астында есіме түспей тұрғанын қарашы, сен айтып жіберші, Евгений?

Шатақ шығып кетпесе жарар еді деп қылпылдап тұрған бұл:

– «Лолита», – деп таңдайы тақ ете қалды.

– Әні, «Лолита», – деді қазақ Димаға «сен тұрмақ мына электрші де біледі» дегендей иегімен мұны нұсқап. – Бірақ мына төрт томдыққа сол «Лолитасы» кірмей қапты. Неге кіргізбеді деп ойлайсың?

Набоковты да, оның «Лолитасын» да өмірінде бірінші рет естіп тұрған Дима оның төрт томдыққа неге енбей қалғанын қайдан білсін:

– Мен қайдан білейін оны? – деді сасқалақтап.

– Әрине, білмейсің. Өйткені ол кезде «Лолитаны» оқуға рұқсат бермейтін.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

ИЕСІ

Сөйтіп орысшасы шала болса да небір классиктерді орыс тілінде оқитын қазақты кекетпек болған Дмитрийдің астамсыған үні су құйған шоқтай бықсып, өшті де қалды.

Бұл болса әңгіменің жаймашуақ аяқталғанына қуанған. Жалпы, Димаға «орыс тілін жөндеп сөйлей алмаған қазақтарға емес, сол қазақтың тілінде бір ауыз сөйлей білмейтін өзімізге күлуіміз керек» деп айтып қою керек екен.

Қайран, Достоевский! «Орыстар, негізі, еңіреп тұрып жылайтын жерде, өте көп күледі» деп қалай тауып айтып кеткен. Өкіріп тұрып жылайтын жерімізде ылғи біреуді мысқылдап күліп, тағы біреуді менсінбей, шекеден қарап тұратынымыз өтірік емес қой. Әйтпесе, Диманікі не күлкі? Менен сатып алған кітаптарына ескі болса да көңілі толып, өзінен-өзі қуанып, мәз боп тұрған адамды кекетіп несі бар, а? Ең абзалы үндемеу ғой. «Үндемеу – үлкен талант» деген де сол Федор емес пе еді.

* * *

Есікті анасы ашты. Басқа ашатын кімі бар? Әйелі тастап кеткен. Шындығын айтса, ол емес, бұл тастады оны. Қазақтардың «талақ» дейтіні бар ғой, сол сияқты «талақ» демесе де, есігін тарс жапты. «Барлық бақытты отбасы бір-біріне ұқсайды, ал барлық бақытсыз отбасының әрқайсысы өздерінше бақытсыз». Кітап сөресінің үстіндегі портретінен өзіне тесіле қарап тұратын шүңірек көз ақсақал Лев Толстой жарықтық осы сөзді осыдан екі жарым ғасырдай бұрын айтыпты. Бірақ Анна Каренинаның кебін киген әйелдердің мінез-құлқы арада екі жүз жыл тұрмақ, бес жүз жыл өтсе де өзгеретін нышан байқатпайды. Өздері де өзгертейін деп әрекет қылмайды. Сірә, бұл өзі мұқым әйел мінезіне тән бір сайтани желік болса керек. Үйіндегі еркегі аздық еткендей, түздегі бөріктілерге қылмия қарайды келіп. Қазақта «Тана көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді» деген сөз бар. Оны да кітапқа келетін қазақтар айтқан. Мұның Екатеринасы да басқаға басы кетіп жүріп, ақыры көзіне шөп салып тынды. Әйелінің опасыздық жасағанын өз көзімен көрген түнгі қасіретті тілмен айтып жеткізе алмайды. Есіне түсіп кетсе, әлі күнге дейін біреу ине шаншып алғандай жүрегі шым ете қалады.

Сол күні зауытта өзімен бірге дәнекерші боп істейтін жолдасы «туған күнім» деп, үйіне қонаққа шақырды. Атын атағысы келмейді өзінің. Лев Толстойдың Вронскийінен садаға кеткірді кейде «Вронский» дейді кекетіп. «Құрметті қонағым болыңдар» деп қолқалап шақырып қоймай қойған соң Катя екеуі қол ұстасып келген. Ол да бұлардың төрін босатпайтын қонағының бірі болатын. Вронскийдің «үйім» деп шақырғаны бақуатты біреудің жап-жақсы тамы екен. Бір-екі бөлмесін жалдап апты. Үй иесі – бір күн ару, бір күн сау кәрі кемпір өзі меншіктеп алған қуықтай бөлмесінде жатыр.

Бұлар сол күні ұзақ отырды. Арақ та көп болды. Бөтелкенің қаншасын «құлатқаны» есінде жоқ. Бір уақытта оянса, айналасында өзінен басқа пенде жоқ. Төсекте жалғыз жатыр. Орнынан тұрып, шөлмектің түбінде қалған арақпен тамағын жібітті. Жан-жағына құлақ түріп, тың тыңдады. Катясы үйіне қайтып кеткен сияқты. Сірә, мұны көтеріп жүре алмаған болуы керек. Осындай ойға шомып, сынып бара жатқан басын ұстап, төмен қарап отырғанда кенет сыбыр-күбір естілді. Ә дегенде терезенің сыртынан шығып жатқан сияқты көрінген. Сөйтсе, сыбыр-күбір мен сықылықтаған күлкі иелері көрші бөлмеде екен. Төсектің темір торын сықырлатпай орнынан тұрды да, ақырын басып барып, жартылай ашық тұрған есіктен сығалап қарап еді, мұнартқан бөлмеде мұның «әппағым», «адалым» деп әлпештеп жүрген әйелі дәнекерші жолдасымен бірге кең төсекте аяқтары айқасып, тыржалаңаш жатыр. Бітіретін істерін әлдеқашан бітіріп қойған сияқты. Әлгі сыбыр-күбір мен сыңқылдаған сайтан күлкі содан кейінгі «күйіс қайыру» сияқты.

– Кешке дейін сені ойлаймын да жүрем, – дейді Екатерина құмары қанбаған қаншықтай ананың құлағын тістелеп.

– Мен де, – дейді оған «Вронский» тоқ басып, қарын сипап, кекіріп жатқан адам кейпінде марғау ғана.

Сосын екеуі бағаналы бергі құмарлықтары аз болғандай бір-бірінің ауыздарына қайта жабысып, қайтадан құшырлана сүйісті. Сүйісіп жатып басын әнтек көтеріп, есік жаққа қараған Вронский:

– Анауыңның оянатын уағы болған жоқ па? Абайлашы, үстіміздің түсіп, масқара боп жүрмейік, – деген жүрегі әлденені сезіп, қауіптенгендей түрмен.

– Ой, ол арақты өліп ішкен күні, таң атқанша тұрмайды, білем ғой сырын, – дейді мұның Катясы мауыққан мысықтай ананың жүн басқан кеудесін ыңырси иіскелеп.

Мұның іші алаулай жанып бара жатты. Қаны басына шапшып, үстел үстінде жатқан пышақты ала сап, тұра ұмтылайын деп тұрды да ернін тістелеп, арқа тұсындағы «ажал», «ажал», «мұның сауабы – ажал» деп зікір сап тұрған әзәзілдерді райынан әрең қайтарды.

– Биыл екеуміздің кездескенімізге екі жыл болады, Катя.

– Былтырғы Рождествода сенен бала көтеріп ем, өзің ғой алдырып таста деген. Әйтпесе, қазір бір жасқа келіп қалатын еді…

– Мен емес, өзің емес пе, Евгений біліп қояды деп қоймаған.

– Алдырмағанда ол сен сияқты сұлу болатын еді…

Жүрегі алқымына тығылып, қысыла бастады. Денесін суық тер жауып кетті. «Екі жыл! Ойпырмай, қалай білдірмей келген осы уақытқа дейін. Мұндай сұрқия болар ма?».

Адал деп жүрген жарының салдақыға айналған бейнесінен жүрегі айнып, көзі қарауытып кетті. Кездескен сайын қайталайтын бос мылжыңдарынан жалықты ма, бір кезде мұның әйелі кең төсектің үстінде аш күзендей бүгіліп барып ананың кеудесін құшырлана иіскелеп, одан кіндігіне қарай ойысып, өліп-өшіп сүйе бастады. Тоят алдындағы үйреншікті ритуалдары сияқты анау да әйелдің нені аңсағанын әбден біліп алған сұм екен, тәнін майда самал сипағандай үлбіреген ерін мен тілдің құдыретіне елітіп, көзін жұмып, екі аяғын екі жағына қарай созып тастап, талтайып жатыр. Әйелінің тілі кіндіктен де төмен түсе берген кезде бұл…

Есікті бар пәрменімен тарс жапты да, дастархандағы салаттар мен арақ-шараптардан босаған тәрелкелер мен стақандарды салдыр-гүлдір құлата сыртқа ұмтылды.

– Жүзіқаралар!

Бар айтқаны осы бір-ақ ауыз сөз. Басқа жаман сөздер қапелімде тіліне орала қоймады. Сөресінде тұрған сөз шеберлерінің махаббат «майдандары» жайлы қаншама шығармаларын оқыса да, мынандай сұмдықты солардың ешқайсысы жазбапты. Тіпті жазғандары анайылау көрінетін Чарльз Буковскийдің өзі мәдениетті екен мыналардың қасында. Нағыз сұрқия дәл жанында «жолдасыңмын» деп жүрсе, нағыз сұр жылан құшағында «адал жарыңмын» деп білегімен мойнына оратылып жатыпты осы уақытқа дейін.

Үйіне келді де Катяның киім-кешегінің бәрін терезеден сыртқа лақтырды. Айнаның алдында тұрған опа-далаптары да қалмады. Шабадандары да бірінен кейін бірі кетіп жатты ұшып. Анасы Мария байғұс бір жамандықтың болғанын іші сезсе де, «Не болды, Женя? Катерина қайда?» деп сұрауға дәті бармай, «Киімді лақтырмайды, балам, ол жаман ырым» деп қолына жармаса берді. «Сол жаман ырым болатын болса, бүгін түннен қалмай болса екен» деп айқайлады мастығы әлі тарқай қоймаған бұл. Содан үйінде байыз тауып отыра алмай, жұмысындағы киім ауыстыратын бөлмесіне тартты. Жолжөнекей түнгі дүкеннен бір бөтелке арақ сатып алған. Келе жұмысшылар үстелінің үстінде тұрған үлкен қырлы стақанға арақты толтыра құйды да, демалмастан тартып жіберіп, алақанымен бетін басып отыра кетті. Бір уақта өкіріп тұрып жылады. Қанша жерден «жүзіқара» десе де Екатеринасын қимайтын сияқты. «Катя!», «Катерина, бұл не істегенің?!» дей береді өксігін баса алмай. Сол күні бағана басынан құлады. Екатеринасынан бұл сөйтіп айырылған. Лев Толстойдың Анна Каренинасы көңілдесі Вронскийден ұл туып алса да, тіпті оны үйіне шақырса да сабырлы қалпынан айнымайтын Алексей Александрович Каренин бола алмады бұл. Ол сияқты оқыған, зиялы адам емес қой.

Содан бері жалғыз. Жоқ, жалғыз емес, анасы, кітаптары, кітаптарын сатып алатын қазақтары бар. Ұққаны, ең адал дос кітаптар екен, екі сөйлемейді, біреуге біреуді жамандамайды, біреуді біреуге сатпайды…

* * *

Үйде жалғыз отырған адам сырттан келген кісіден әңгіме күтеді. Бұл бүгінгі көрген-білгендерін жалғызсырап, сөз күтіп отырған анасына түгін қалдырмай айтып берді. Кітапқұмар қазағы туралы да, Димон тентектің басы бәлеге қала жаздағанын да, бірақ ана қазақ өзін салмақты ұстап, даудың бетін сабырмен әдемі арнаға бұрып жібергенін де, ешқайсысын қалдырмады.

– Біз, өкінішке қарай, осындаймыз ғой. Бәрін өзіміз бүлдіреміз. Бәрін өзіміздің ой өрісіміздің деңгейімен өлшейміз. Қазақ тағы қандай кітап сұрады?

– Достоевскийдің отыз томдығын іздеп жүр екен.

– Сен не дедің?

– Үйде бар, бірақ анам бермейді дедім.

– Телефонын білесің бе?

– Жоқ. Ә, айтпақшы, Каспий голдпен есептесті. Сонда телефон нөмірі қалуы мүмкін шығар.

– Ендеше, телефон соқ.

– Не деп?

– Анам Достоевскийдің отыз томдығын сататын болды де…

– Өлсем, табытымның ішіне салып, менімен бірге қоса жерле деуші едің ғой Достоевскийіңді.

– Дейтінмін, бірақ қазір ол райымнан қайттым. Достоевский сияқты дүниені мойындатқан талант енді қазақтан да шықсын деп ырым ғып отырмын. Қазақтар – кең халық. Әне, көрдің бе, біз ақшадан тарыққанда ескі-құсқы кітаптарымызды солар ғана сатып алып жатыр. Әйтпесе, сол кітаптар жап-жаңа боп қайта басылып жатқан жоқ па?

– Айтпақшы, мынау сіздің талондарыңыз.

– Талоны несі?

– Қанттың талондары. Набоковтың екінші томының 128-бетінен шықты. Кітапты сатып алған қазақ тауып алды.

Мария талондардың қағазын саусақтары дірілдей ұстап, көзіне тақап, үңіле берді. Сол жақтағы көзі катаракта болғалы бері жазуды үңіліп оқиды. Жасаураған жанарына «г. Джамбул. 1991. Январь. С А Х А Р» деп қызылмен жазылғаны аздай, қызыл сызықшалармен тағы да бірнеше бөліктерге бөлінген талон ыстық көрінді. Сарғыш тартса да сыры сол қалпы сақталған қағазға таңғала қарап тұрып, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының топалаңын еске алып, мұңайып қалды.

– Бәсе, осы талондарды таппай зар илеп қалып ем, Набоковтың арасына тығып қойған екем ғой, – деп күрсінді де:

– Содан бері де отыз жыл өте шықты, ә? – деп күрсінді.

Женя балконға темекі шегуге шықты. Анасының жүрегі жібіп, қазаққа отыз томдықты сататын болғанына риза. Кеңес өкіметінің тұсында осы Достоевскийдің жазылымы үшін бастығына «немене, бар жақсының бәрін сен ғана ала бересің бе?» деп салып, жұмысынан қуылған екен.

Кенет балалар ойнап жүрген алаңқайдан шу шықты. Жүгермектер қарап жүрмей төбелесіп қалған-ау шамасы. Осы көпқабатты үйдің әйгілі бетпағы Ольга екі бүйірін таяныып, орталарында шаптығып тұр. Ашуға булыққаны сонша, аузынан түкірігі шашырап:

– Алға, Вован, бір бала бірдеңе десе бірден мұрнынан соқ. Оған қоймаса, тісін сындыр, – дейді немересіне.

Немересі – сегіз жасар сары шашты Владимир баламысың деген:

– Әже, әкемнің мылтығын алып кеп, бірден атып тастасам бола ма? – дейді.

– Болады, – дейді Ольганың досы

Маргарита мына жақтан шәңкілдеп, – бұларды басқаша тоқтата алмайсың.

Жаңа ғана көңілді тұрған Евгенийдің ұнжырғасы түсті де кетті. Аспанға қарап еді көкпеңбек зеңгір көктің батыс беткейін түсі кірдің суындай лайсаң бұлт жаулап ап, шығысқа қарай қаптап барады екен. «Көршінің бәрін жау санаған осы жаман әдетті қашан қоямыз осы, а? Бір сәтте сарт-сұрт төбелесіп қап, сосын түк болмағандай бір сәтте ойнап кететін балаларды осылай да жауластыруға бола ма екен? Әй, айналайындар, төбелесе бермей тыныш ойнаңдар» деудің орнына, айтып тұрған ақылын қарашы.

Айналадағы көршілердің бәріне жексұрын боп жүргені де осы өркөкіректігінен, өзінен басқаны адам екен демейтін менмендігінен Оляның. Шығысы мен батысындағы көпқабатты үйлердегі көршілерімен ұрыс-керісті бастайтын да Маргарита екеуі.

Түтіккен кезде беті қауынның пәлегіндей боп түктеніп шыға келетін Оляның түрін көргісі келмей балконынан ішке қарай безе қашқан Евгений диванға келіп отырды.

Достоевскийді сұрап жүрген қазақтың нөмірін іздеп еді, таппады. Каспий голдқа ақша аударғаны туралы аты-жөні телефоннан көрінгенімен, нөмірі шыққан жоқ. Бірақ бағана мұның телефонын жазып алды ғой, өзі де хабарласып қалар…

* * *

Базардағы күні бойғы қыбыр-жыбыр тірліктен қажыған денесінің дел-сал болғанын сезіп, демалайын деп басын жастыққа қойып, көзін жұмды. Көзін жұмып жатып та «бір күні болмаса, бір күні келер, сол кезде күтпеген сыйлық жасап, қуантармын» деп кітапқұмар қазақты ойлап жатыр.

«Достоевскийді неғылады екен? Осы кітапты үйіне жаздырып алу үшін бастығымен жау болған анасы да, әне, осы күнге дейін сол отыз томның бір парағын ашқан жоқ. Бір мезгіл кітап бетін ашса, ана құсап талонын жоғалтар ма еді? Қайта бұған жақсы болды, электрші болса да анасының жиған кітаптарының түгін қалдырмай оқып тастады. Енді, міне, соларды «нан пұл» қылу үшін сатып жүр. Мүмкін қазақ та құнды кітаптарды ұрпағы үшін сатып алып, жинап жүрген болар».

Дима тентек бір жолы:

– Ескі-құсқының бәрін сатып ала беріп неғыласың? Кітаптардан коттедж салайын деп жүрсің бе? – деген мұның кітапқұмарына төбеден түскендей дәрекі қалжыңымен.

– Есті сөз айтатын ескі көз қарияларды керек қылмаса, көмбедегі қымбат қазынадай көне кітаптарды оқымаса, сонда бүгінгі ұрпақтың жанына не керек?

Мұндай жауап күтпей, қарияны мазақ қып тұрған Диманың езуіндегі күлкінің ізі безеу басқан бетінен лезде жоғалып, үндемей қалды.

– Қазақтардың «Керек тастың ауырлығы жоқ» деген мақалын естіп пе ең?

– Жоқ.

– «Керек тас» деген, мынау сенің айналаңдағы заттар. Әне, көрдің бе, керек еткен адамдар келіп, ескі-құсқы болса да сатып алып жатыр. Көнені көне екен, шалды шал екен деп қана жек көруге болмайды.

Диманы көрсе қабағын шытып, жақтырмай қалатын қазақ онда да сабыр сақтаған.

– Нең бар менің кітап алушымда? Жөніңе жүрші, – деген бұл Дмитрийді велосипедтің ескі бөлшектерін сататын құжырасына қарай қуалап. Қазақ болса, «қайтесің соны» дегендей қолын селқос бір сілтеді де:

– «Әлемді билегісі келген адам, ең алдымен өзін-өзі билеп алуы керек» деген сөз бар. Әй, Вован, қалай еді атың, ә, Дмитрий екен ғой, осы сөзді кім айтқанын білесің бе? – деді шарасы таусылған адамның қынжылған үнімен.

– Жоқ.

– Ендеше, біліп қой, оны Федор Достоевский айтқан.

Дивандағы жастыққа басын қойып шалқасынан жатқан Евгенийдің жаны тынышталып, көзі ілініп бара жатты.

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ

***qazaqadebieti.kz.* сайтынан алынды.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЕМИНАР

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ВОВЛЕКЛИ В ПРОРАБОТКУ ДИЗАЙН-КОДА АЛМАТЫ

На базе Палаты предпринимателей города Алматы представители Управления городского планирования и урбанистики города провели семинар по сбору рекомендаций к подходам разработки брэндбуков недавно принятого дизайн-кода города, сообщает пресс-служба региональной палаты предпринимателей города Алматы.



Напомним, что 29 декабря 2023 года был принят дизайн-код города Алматы, который вступает в силу с марта этого года. Предпринимателям предоставлено 1,5 года на переход к новым требованиям. В рамках ранней адаптации для предпринимателейрассматриваются варианты субсидирования на начальных этапах. Закон о дизайн-кодерегулирует следующие объекты городской среды:

- требования к оформлению и наполнению различных носителей информации, а также по отделке объектов, на которых они располагаются;
- требования по установке и оформлению элементов системы навигации;
- базовый перечень требований к выбору и расположению уличной мебели, нестационарных торговых объектов (НТО) и безотносительной классификации городских территорий по основным морфотипам застройки;
- требования к ландшафтному дизайну по озеленению городской среды с учетом местных природно-климатических условий, специфику зеленых насаждений и потребностей экологии;
- требования по оформлению и отделке фасадных элементов;
- требования по оформлению элементов временных ограждений.

Такие семинары проводятся для наиболее эффективной экспертной работы по обсуждению и формированию запросов к каждому брендбуку.

К слову, данный семинар прошел в рамках первого заседания Совета по туризму прирегиональнойпалате «Атамекен», в который вошли видные деятели, профессионалы-практики – директор ОЮЛ «Казахстанская туристская ассоциация» Рашида Шайкенова, вице-президент Федерации Альпинизма и спортивного скалолазания РК Баглан Жунусов, руководитель ТОО «Туранга Group» Алексей Гужавин, основатель группы компаний ТОО «The Ultimate Visionary Group» Дмитрий Лактюшин, основатель ресторанной сети AB Restaurants Аскар Байтасов, первый руководитель ТОО «Облака» Сергей Спицын, директор ТОО «Chimbulak Development» Ринат Абдрахманов, руководитель ТОО «Sky Way LTD» Асем Козбагарова, генеральный

директор Global Air - American Express Гульден Оспанова, соучредитель медиа-холдинга «Давай Сходим» Алишер Тойгулиев, депутат Маслихата города Алматы Назерке Мундаханова.

Модератор заседания, председатель Палаты предпринимателей города Алматы Нурсултан Шокановотметил значимость активности бизнес-сообщества в сфере туризма для развития города.

«Ежегодно перед отраслью туризма стоит четкая задача – продвигать и развивать туристический потенциал региона, привлекать больше туристов, создавать благоприятные условия для их отдыха и экскурсий, улучшать инфраструктуру и услуги, а также повышать уровень безопасности и комфорта для посетителей», – подчеркнул Нурсултан Шоканов.

Для этих целей была трансформирована работа Совета по туризму. Теперь консультативно-совещательный орган отходит от общественных начал к более деловой деятельности.

Спикер также отметил, что обновленный Совет по туризму может помочь координировать усилия всех заинтересованных сторон, разрабатывать стратегии и планы действий, а также оперативно решать текущие проблемы и препятствия на пути развития отрасли.

«Каждое начинание имеет определенный мотивационный период времени и интерес каждого из нас. Очень приятно осознавать, слышать и понимать, что мы вместе сможем сделать действительно рабочий результат. Но этот результат должен быть быстрым, четким и понятным. Благодарю организаторов за перезапустившийся Совет. Надеюсь, что наши начинания будут в одной линии, в одном интересе: развития нашего города и развития туризма», – сказал основатель группы компаний ТОО «TheUltimateVisionaryGroup» Дмитрий Лактюшин.

Значимость активного бизнес-сообщества отметила директор ОЮЛ «Казахстанская туристская ассоциация» Рашида Шайкенова.

«Большое внимание мы концентрируем на развитии ресурсов: природных, человеческом капитале. Первые шаги уже сделаны – переформатирование работы Совета. Это свидетельствует о правильном подходе к решению стратегических задач, которые, в последующем, сформируют работу региональной палаты. Всем успеха», – пожелала Рашида Шайкенова.

Совет видит большой потенциал развития туризма. При этом архитектурный облик и содержательное наполнение имеют большое значение.

Семинар в рамках Совета по туризму направлен на анализ опыта бизнеса, запросов, ключевых проблем и возможностей. Результаты диалога с предпринимателями формируют техническое задание и будут использованы при формировании решений брендбука.

По словам главного архитектора проекта Дизайн кода ТахминыСафоевой, брендбук в рамках проекта «Дизайн-код Алматы» является рекомендательной частью, представляющей собой документ с конкретными решениями и детальными примерами.

«Все решения и рекомендации мы вместе сегодня будем формировать в ходе проектного семинара. Такие проектные семинары направлены на анализ опыта бизнеса, запросов, ключевых проблем и возможностей», – говорит ТахминаСафоева.

Итогом проектных семинаров станет техническое задание, которое будет использовано при формировании решений брендбука на основе запросов с учетом предложений.

Ш. ХАМИТОВ.

АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС

МОБИЛЬНЫЕ ПЕРЕВОДЫ СНОВА ПЕРЕСМОТРЯТ

С 1 января в Казахстане налоговые органы начали отслеживать мобильные переводы казахстанцев, чтобы выявлять предпринимателей, уклоняющихся от уплаты налогов. Нововведение еще раз пересмотрят в Правительстве, передает корреспондент агентства Kazinform.

— Вопрос чувствительный. Поэтому у меня есть поручение еще раз посмотреть на этот вопрос, мы еще раз внутри финансово-экономического блока этот вопрос рассмотрим. Еще раз обсудим механизм детализации, критерии. Мы еще вернемся к этому вопросу, - заявил вице-премьер-министр национальной экономики НурланБайбазаров во время пресс-конференции в Правительстве.

Министр финансов МадиТакиев пояснил это заявление своего коллеги. Он отметил, что уплата налогов является обязанностью каждого гражданина. Мобильные переводы в любом случае будут проверяться. В проекте нового Налогового кодекса обсуждаются режимы налогообложения для разных категорий, чтобы они были приемлемыми, простыми и не приводили к ухудшению общественного настроения.

— У нас правовое государство, справедливое государство, правильно? Мы с вами должны следовать нашим законам. Кто-то платит, кто-то не платит. Должна быть справедливость. Значит должны все платить. Но платить, понятно, от размеров своего (дохода - прим.ред.). Поэтому мы сейчас смотрим разные режимы. Продумываем, чтобы в этих режимах они работали, - добавил он.

В настоящее время государство проверяет не все мобильные переводы. Под критерии проверки подпадают лица, получившие мобильные переводы от 100 и более разных лиц ежемесячно в течение трех месяцев подряд. То есть, в случае наличия признаков предпринимательской деятельности.

При этом физические лица, как и прежде, могут совершать и принимать мобильные переводы в своих личных целях: родственникам, друзьям, родителям и детям и по другим жизненным ситуациям. В этом плане никаких ограничений нет.

ТРИБУНА СПЕЦИАЛИСТА

СУДЕБНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА

СУДЕБНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ЯВЛЯЕТСЯ ВАЖНЫМ АСПЕКТОМ ПОСТРОЕНИЯ СПРАВЕДЛИВОГО И ПРАВОВОГО ОБЩЕСТВА.

Как известно из уголовно-процессуального, гражданско-процессуального и административного законодательства, назначение экспертизы является средством получения доказательств. Судебно-экономическая экспертиза является основным доказательством при расследовании преступлений в сфере экономики. Назначение судебно-экономической экспертизы является важным следственным действием, от четкого и правильного проведения которого во многом зависят качество и сроки расследования по делу. Производство экспертизы представляет собой процессуальное действие, состоящее в исследовании экспертом по заданию следователя или суда вещественных доказательств и иных материалов с целью установления фактических данных и обстоятельств.

Назначаются эти экспертизы, правоохранительными органами по расследованию дел и судами в результате возникновения споров, когда решаются вопросы экономики в правоотношениях. Целями судебно-экономической экспертизы является исследование действительного финансового положения предприятия, выявление ошибок или намеренного подлога документации, установление нарушений при ведении бухгалтерского и налогового учета, а также предупреждение правонарушений в хозяйственной деятельности организаций.

Проведение экспертизы должно происходить в соответствии с уголовно-процессуальным, гражданско-процессуальным законодательством и иными нормативными актами Республики Казахстан, регулирующими судебно-экспертную деятельность, и не должно нарушать прав участников процесса, так как доказательства, полученные с нарушением закона, признаются не имеющими юридической силы и не могут быть положены в основу обвинения, а так же использоваться для доказывания обстоятельств. Заключение эксперта, так же как и любое другое доказательство, не имеет заранее установленной силы и должно оцениваться в совокупности с иными доказательствами.

Судебно-экономическая экспертиза в Республике Казахстан получила законодательное признание с момента независимости страны. Законодательство, регулирующее эту область, постоянно совершенствуется и адаптируется к современным требованиям. Одним из важных шагов в развитии судебно-экономической экспертизы стало принятие Закона "О судебно-экспертной деятельности в Республике Казахстан" в 2015 году. Этот закон установил основные принципы и порядок проведения экспертизы, а также определил права и обязанности экспертов.

Судебно-экономическая экспертиза, как в уголовном, так и в гражданском судопроизводстве назначается прокурором, следователем, органами дознания, судом и кроме того по заявлению физических и юридических лиц.

Назначить судебно-экономическую экспертизу, а также получить информацию по назначению и проведению экспертиз и исследовании можете по адресу:область Жетісу, город Талдыкорган, поселек Отенай, улица Жасулан 2Б. Тел/факс: 8(7282) 41-04-21.

М. КУРМАНБАЕВА,
старший эксперт института судебных экспертиз по области Жетісу.

Бейсенбі - Четверг, 29 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.40 «Шаңырақ»
06.30 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х«Ауыл мұғалімі-2»
13.30, 02.45 «Өмір көркем»
14.35«Отандық бренд»
14.50 «Ақорда»
15.15 «Апта»
16.05 Т/х«Сезім толқыны»
20.30,00.40 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
01.35 «Сана»
02.45 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Принцесса Монако»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.25 Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Алданған үміт»
14.00 Т/х «Бозторғай»
15.00 Т/х «Впереди день»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»
21.45 Хабарлайк
22.30 «Жаңбырлы ғұмыр»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
12.00 «Кеш келген махаббат»
13.00, 23.45 Т/х «Кэ Бэк»
14.20 Өткінші жаңбыр
15.00 Сериал «Склифософ-ский»
16.00 Ради любви я все могу
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамада батл»
07.00,03.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся!»
12.00 Домроботница
14.00, 01.45 Новости
14.15, 02.00 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.00 Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Реализация»
00.20 Сериал «Знахарь»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50 Т/х «Бақытты аңсағандар»
11.10, 01.20 «Юморина»
12.40 Мелодрама «Бриллиантовое сердце»
15.00 Т/х «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30,04.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.30 Остросюж.детектив «Холодные берега»
01.20 «Было дело»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Олжа»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 23.10 Т/х «Чукур»
09.00, 01.40 «Тайм вайн»
09.30, 02.20 «Tik-Tok» шоу
10.00 Т/х «Пиноккио»
11.20, 12.30 Мультсериал
13.00 Кино
15.00 Кодекс Киллера
17.10 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Снайпер»
00.10 «31 әзіл»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.00 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.00 Т/х «Ата ана бала шаға»
09.20, 17.40 Сериал «Любимые дети»
11.20 Х/ф Гламур для дур
14.40 Т/х 12 күн
15.00 Т/х «О махаббат»
16.00, 22.50 Т/х «Шабдалы 18»
17.10 «Жұлдызды шаңырақта»
17.40 Возвращение
19.40 Сериал
21.40 «Сериал Гости из прошлого»
22.20 Т/х «Махаббат қызық хикая»
00.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
02.40 «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 1 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.05 Әнұран
06.05, 03.40 «Шаңырақ»
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Телехикая «ҚИЛЫ КҮНДЕР»
12.20, 21.25 Телехикая «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2»
13.10 «Ауыл мұғалімі-2»
13.30 «ӨМІР КӨРКЕМ»
14.30,02.00 Деректі фильм
15.15 «Мың алғыс»
16.35 Телехикая «Сезім толқыны-2»
20.30 «ASHYQ ALAN»
22.15 Телехикая «БАУЫРЛАР»
23.10 «Жарқын жүздесу»
00.00 «Парасат майданы»
01.05 «Ashyq alan»
02.25 «Мың алғыс»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Сериал «Пәленшеевтер-2»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Мәртебелі өнер»
12.00,20.00 Телехикая «Алданған үміт»
14.00 Телехикая «Бозторғай-2»
15.00 Сериал «Жаңбырлы ғұмыр»
16.00 Сериал «Мой мужчина, моя женщина»
18.00 Новости
18.20 «Итоги» ток-шоу
19.00 Жаңалықтар
19.30 Ток-шоу «Талқы»
21.45 Концерт «Абайлаңыздар!»
00.15 «Әсем әндер»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
06.45 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
07.15 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-4»
10.00, 21.55 «АНА БАҚЫТЫ» үнді телехикаясы
12.00 «КЕШ КЕЛГЕН МАХАББАТ» үнді телехикаясы
12.25 «Қоғам назарында»
12.45 «Эксперимент»
13.00, 23.40 «КЭ БЭК» телехикаясы
15.55 «Koru kerek»
16.25 Концерт «Отан қымбат»
18.10,00.50 Х/ф «Маша и Дударай»
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «Доброе утро,КАЗАХСТАН!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 «Лист ожидания»
14.00 «Новости»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент ONLINE»
20.50 «Поле чудес»
22.00 «НЕПОБЕДИМЫЙ»
00.35 «Офицеры»
02.15 «Новости»
02.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
02.45 «KOREMIZ»
03.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
04.00 «П@YTINA»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05,04.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
07.30 «ЖАН ЖЫЛУЫ»
08.00 «Бақытты аңсағандар»
09.20 «Вечерние новости»
10.00 «Было дело»
10.55 Сериал «Холодные берега. Возвращение»
13.15 Сериал «Маруся»
15.20 «Қоштасқым келмейді»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «Кел,шырқайық!»
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Маруся»
01.30 «Было дело»
02.20 «БАҚЫТТЫ АҢСАҒАНДАР»
03.35 «КТК» Қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісуоблысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Ел қамы»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 Д/ф «Ғажайыпмәдениет»
13.30 «Әсемәуен»
14.30 «Сегодня»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісужаyһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсемәуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсемәуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісужаyһарлары»
18.00 «Иманнұры»
18.40 «Саулықтың сыры»
19.00 «Әсемәуен»
19.30 «AgroLife»
20.00 Қорытындыжаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытындыжаңалықтар (Жетісуоблысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кеңауқымда»
23.30 «Әсемәуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00 «ЧУКУР» түрік телехикаясы
09.00 Time Vine
09.30 TikTok show
10.00 Т/х «Пиноккио»
11.20 «Маша и медведь»
12.20 «Команда «Мстители»
13.10 КИНО «Городской охотник»
15.40 КИНО «Джуманджи»
18.10 КИНО «Гарфилд-2»
20.00 Информбюро
21.00 КИНО «Хищники»
23.20 «ЧУКУР» түрік телехикаясы
00.20 «31 Әзіл»
01.40 Time Vine
02.20 TikTok show
03.00 What 's up?
03.30 Әзіл студио
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What 's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 Телехикая «ҰЛЫ ДАЛА ЖАНҰЯСЫ»
07.30,03.10 «Айнаонлайн»
08.30, 01.30 Телехикая «Ата-Ана. Бала-Шаға»
09.20 «Возвращение»
11.20 Сериал «Ничто не случается дважды»
13.40 Телехикая «Махаббат,қызық хикая»
14.40 Телехикая «12 Күн»
15.10 Телехикая «О, МАХАББАТ!»
16.10 Телехикая «Шабдалы-18»
17.10 Телехикая «BOSS ӘЙЕЛ»
17.40 «Жұлдызды шаңырақта»
18.30,23.40 «Ауызбіршілік-алғыста»
19.40 Сериал «Совсем чужие»
00.00 Сериал «Настя,соберисы»
00.40 «Jaidarman»
02.20 «Япырай»
03.40 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 2 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.00 Әнұран
06.05 «Ауылдастар»
06.30, 17.00 АҚПАРАТ
07.00 «Күй-керуен»
07.30 «ШАҢЫРАҚ»
08.00,16.20 «Көңіл толқыны»
09.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР»
10.00, 18.00 Телехикая «ҚИЛЫ КҮНДЕР»
12.00 «МузАрт» концерт
15.00 М/ф «Кунг фу Панда-3»
17.20 «Көңіл толқыны»
20.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ»
22.15 Телехикая «БАУЫРЛАР»
23.10 «Жарқын жүздесу»
01.00 Телехикая «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2»
03.10 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Телехикая «ҮКІМ»
07.00 Концерт «Жұмыр жердің жұмағы»
09.30 «Қазына»
10.00 Мегахит. «Последствия»
12.00 «Чудо-Юдо»
13.10 «Десять друзей кролика»
14.00 «Әсем әндер»
14.30 «Қызық times»
16.00 Телехикая «КЕЛІНЖАН-4»
19.00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн» сараптамалық
21.40 Х/ф «Война невест»
00.00 «Әсем әндер»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
06.45 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
07.15 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-4»
10.00, 21.55 «АНА БАҚЫТЫ» үнді телехикаясы
12.00 «Әзілің жарасса»
16.15 Х/ф «Базар жоқ,мексика»
18.00 «ЗУ-ЗУ КҮЛПӘШ»
20.00 «SarapTimes»
23.40 Худ. фильм «Неделимое»
01.40 «Жұлдызбысың?»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
08.25 «П@утина»
09.20 «Преданный друг»
11.05 «Лучше всех!»
13.15 Х/ф «Дела житейские-3»
17.00 «ИВАН ЦЕРЕВИЧ И СЕРЫЙ ВОЛК-3»
18.30 «АЙНА»
19.00 «Опасный соблазн»
20.45 «Первые встречные»
00.40 «Геракл. Начало легенды»
02.10 «Айна»
02.40 «П@утина»
03.25 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК» Қоржынынан»
07.30 «ҮЛКЕН ҮЙ», телехикая
08.40 «КТК-да ҚАБАТОВ»
09.20 «КТКweb» (қайталау)
09.50 Вечерние новости
10.25 «Следствием установлено»
11.00 «Маруся»
15.10 "ӨТКЕН КҮНДЕР»
17.10 «Әнім сен едің»
18.15 «ШАНШАР»
21.00 «Елена и Капитан»
01.02 «Брат или брак»
02.27 «ӨТКЕН КҮНДЕР
03.45 «КТК-да ҚАБАТОВ»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісуоблысы)
11.00 М/ф «Татонка»
11.30 «Ел мен жер»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 «Алаштаңы»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісужаyһарлары»
14.30 «Иманнұры»
15.00 «Әсемәуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісужаyһарлары»
18.00 Д/ф «Ғажайыпмәдениет»
18.40 «Саулықтың сыры»
19.00 «Әсемәуен»
20.00 «Алаштаңы»
20.30 «Архивтегіақиқат»
21.00 «Ел қамы»
21.30 «Бүгінгідін»
22.00 «Әсемәуен»
23.00 Д/ф «Кеңауқымда»
23.30 «Әсемәуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 «Маша и медведь»
08.00 «Күліп ALL»
08.30 TikTok шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Алдараспан»
12.00 КИНО «Гарфилд-2»
13.50 КИНО «Брат или брак-2»
16.30 КИНО «Братец медвежонок»
18.30 КИНО «Человек паук-2»
21.30 КИНО «Телохранитель жены киллера»
00.10 КИНО «Налетчики»
02.00 «Біздің шоу»
03.40 Әзіл студио
04.00 1001 Әзіл
04.10 BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.50 «12-күн»
09.50 «Юмор! Юмор! Юмор!!!»
12.10 Сериал «Смерть на языке цветов»
16.00 «Жұлдызды шаңырақта»
16.40, 01.10 «Айнаонлайн»
17.10 Сериал «Совсем чужине»
21.10 Сериал «Святая ложь»
01.40 «Келесі кім?»
02.40 «Жеңіп көр»
04.10 «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 3 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.05 Әнұран
06.05 «Ауылдастар»
06.35«Шаңырақ»
07.05,23.25 «Көңіл толқыны»
08.45 «Бірегей»
09.35 «Ақсауыт»
10.00, 18.00 Телехикая «ҚИЛЫ КҮНДЕР»
12.00 «Егіз лебіз»
14.30 «Кун фу Панда-3»
15.50 Қуандық Рахымның концерті
17.20 «Әйел әлемі»
19.53 «Құрсаудағы қыз»
20.00 «АПТА»
20.50 «АҚОРДА»
21.00 «Жыр-менің планетам» концерт
22.30 Телехикая «БАУЫРЛАР»
00.00 «Қазақстан дауысы»
01.55 Телехикая «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2»
03.15 «Апта»

ХАБАР

05.00 Телехикая «ҮКІМ»
08.00 Концерт «Елімнің бір еркесі мен боламын»
10.00 Худ.фильм «Война невест»
12.00 «Остров монстров» мультфильм
13.15 «Десять друзей кролика»
14.00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
16.00 Телехикая «КЕЛІНЖАН-4»
18.15 «Алғашқы»
19.30 «Қызық times»
21.00 «7 күн» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы.
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.10 Х/ф «Жизнь, или что-то вроде того»
00.10 «Әке бақыты»
20.00 «АНАЛТИКА»
20.45 «Первые встречные»
00.40 «Бой с тенью-2:Реванш»
02.55 «ӘГУГАЙ»
03.55 «П@утина»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
06.50 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
07.15 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-4»
10.00, 21.55 «АНА БАҚЫТЫ»
12.00 «Шаншар»
14.00 «Есіңе мені алғайсын»
15.50,23.40 «ЗУ-ЗУ КҮЛПӘШ»
17.50 Худ. фильм «Многодедный»
19.20 Х/ф «Неделимое»
01.40 «Жұлдызбысың ?»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.25 «Воскресные беседы»
07.40 «П@утина»
08.40 «БЕЙКҮНӘ» телехикаясы
10.30 «QAЙМАҚ»
11.05 Сериал «Опасный соблазн»
13.15 Х/ф «Дела житейские-4»
17.00 «ӘГУГАЙ»
18.05 Х/ф «Грех»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
09.45 «ЮМОРИНА»
11.30 Сериал «Елена и Капитан»
15.40 «Өткен күндер»
17.30 «Мақпал Жүнісованың ән-шашуы»
20.00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!»
21.00 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
22.00 «Портрет недели»
23.00 «Укрощение свекрови»
01.10 «ЮМОРИНА»
02.25 «ӨТКЕН КҮНДЕР»
02.50 «Мақпал Жүнісованың ән-шашуы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Талқы»
10.00 «Әсем әуен»
10.30 «Бүгін»/«Сегодня»
11.00 М/ф «Татонка»
11.30 Д/ф «Мен ежелгі мәдениет куәгерімін»
12.00 «Әсем әуен»
13.05 «Архивтегі ақиқат»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жаyһарлары»
14.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
15.00 «Әсем әуен» (концерты)
17.00 «Ойсарап»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Жүрек сөзі»
18.40 «Саулықтың сыры»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Экорейд»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсемәуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 BalaFunny
07.30 «Маша и медведь»
08.30 «Күліп ALL»
09.00 TikTok шоу
09.30 Time Vine
10.00 «ТелеБинго»
10.25 КИНО «Брат или Брак-2»
13.00 А/ф «Братец медвежонок»
15.00 КИНО «Человек паук-2»
18.00 КИНО «Телохранитель жены киллера»
20.30 КИНО «Джек Ричер»
23.30 КИНО «Хищники»
01.40 TikTok шоу
03.10 «31 әзіл»
03.40 What's up?
04.00 1001 Әзіл
04.10 Ризамын
04.30 BalaFunny
05.20 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.20,01.50 Концерт «Мағауия Қозбағаровтың Күлкістан»
09.00 «Юморина»
12.00 Сериал «Святая ложь»
16.00 «Қызықты weekend»
17.00 Концерт «Төреғали Төреәлі «Айхай-25»
19.00 Сериал«Стрекоза»
23.40 Х/ф «Игра Эндера»
04.10 «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ОРТАҚ ІСКЕ ӨЗ ҮЛЕСІМІЗДІ ҚОССАҚ...

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет ретінде дами бастағалы бері қазақ тілінің мәртебесі мемлекеттік тіл ретінде танылып, қолданыста болып келетіні баршаға аян.

Сайып келгенде, тәуелсіздік дегеніміз біріншіден саяси азаттық деген ұғымды білдіреді. Бұл сонымен қатар, рухани бостандық, оның өзегі болып табылатын тілдің еркіндігі. Осыған орай, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуының қайта құру кезеңінен бастау алып, 1989 жылы арнайы заң қабылдануы кездейсоқ болмаған. Жасыратыны жоқ, Қазақстанда ежелден көп ұлтты халық мекендейтінін, одақ кезінде біздің республикамызды «достық зертханасы» деп аталып кеткенін алға тартып мемлекеттік мәртебеге қос тілді қатар қабылдау туралы ұсыныстар түсіп, оны жарыса жақтаушылар да болғаны құпия емес. Дегенмен, тіл жанашырларының жанайқайы мен белсенділігінің арқасында қазақ тілі жалғыз ғана мемлекеттік тіл мәртебесінде қабылданғаны белгілі. Енді оның қолдану аясын кеңейтуге ешбір тосқауыл қойылып отырған жоқ. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға әрбір азамат өз үлесін қоса алады ғой.

Қазақ халқының тіл қазынасының аясы шексіз. Қай заманнан тілге бай, көңілі ашық, қонақжай халықтың аузын ашса көкірегінен жүрегі көрінеді. Шапқыншылық заманында небір шешімі жоқ дау-дамайларды би шешендер бір ауыз сөзбен шешкен. Қазақтар сол бір ауыз сөзге тоқтаған. Өз ойыңды ұзынынан ұзақ, саны көп, сапасы жоқ сөздермен шұбырта жеткізсең, тыңдаушылар жалығады, түсінбеуі де ықтимал. Тоғыз ойдың тобықтай түйінін бір ауыз сөзбен жеткізу, тыңдаушының санасына қондыру - сөз шеберлігінің шыңы. Қоржынында мағынасы шексіз мақал-мәтелдер мен қара сөздерге толы, ойыңды қысқа және нұсқа жеткізуге жол көрсететін ана тіліміздің беделін одан әрі көтерген абзал.

Ол үшін қазақша сөйлеуге үйрету отбасынан басталатыны да рас. Ата-аналары балаларымен тал бесіктен бастап қазақша сөйлесетін болса сәбидің де жадында ана тілі жатталып қалады емес пе? Ал, қазіргі кезде қазақ отбасыларының өзінде ата-аналары екі тілде де жақсы сөйлей алатынына қарамастан балаларымен көбіне үйреншікті орыс тілінде сөйлесіп, балаларының да қазақшадан гөрі орысша сөйлеуге бейім болып өсуіне ықпал етіп жүрген мысалдар аз емес. Осы мәселе көп күш жұмсауды, шығындалуды талап етпейді ғой. Былайша алып қарасаң, болымсыз мәселе сияқты көрінуі мүмкін. Шынтуайтқа келгенде, отбасында балаларын қазақ тілінде сөйлеуге ауыздандыру арқылы ортақ іске өлшеусіз үлес қосар едік.

Манап ЖАНГАЗИЕВ,
Текелі қалалық сотының
аға сот приставы.

МАМАН МІНБЕРІ

Жасыратыны жоқ күні бүгінге дейін тергеу сотының қызметін, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізетін органдардың қызметімен шатыстырып, аражігін айыра алмайтын азаматтарды да сот процестері барысында кездестіріп жатамыз.

ТЕРГЕУ СОТЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРІ

Тергеу соты Конституцияға және сот жүйесі мен Қазақстан Республикасы сот мәртебесі туралы конституциялық заңға сәйкес сот мәртебесіне ие. Тергеу сотының өкілеттіктерін бірнеше санатқа бөлуге болады: қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылуы мүмкін, тергеу іс-әрекеттерін санкциялау; тергеушінің, прокурордың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарастыру; қорғаушы жақ ұсынған дәлелді сотқа дейін алдын-ала зерттеуді қамтамасыз ету; Кодексте қажетті деп қарастырылған өзге де іс жүргізу әрекеттерін орындау.

Бүгінгі таңда бұл институт өз орнында тұрмай, өзінің жаңғыруын жалғастыруда. Сонымен, елдің қылмыстық-процессуалдық кодексіне енгізілген өзгерістерді ескере отырып, тергеу іс-әрекеті тергеу сотының, сот алдын ала тергеу жүргізуші тұлғаның дәлелді шешімі не осы Кодексте тиісті шешім шығаруға уәкілетті басқа да лауазымды тұлғалардың келісімімен жүргізіледі. Санкция тек осы Кодексте белгіленген тәртіппен тіркелген есептер мен қылмыстар туралы шағымдар бойынша беріледі.

Тергеу судьясының жұмысын жандандыру шараларының шеңберінде адам және азаматтың конституциялық құқығын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беру арқылы сотта айыпталушы мен қорғаушы арасындағы теңдікті қамтамасыз ету мақсаты қойылған болатын.

Тергеу судьясының басты мақсаты өзіне қылмыстық құдалау функциясын қабылдамай, соттың бақылауын жүргізуді жүзеге асыру. Тергеу судьясы – қылмыстық процестегі тараптар мүмкіндіктерінің теңдігін, жеке адамға тиесілі конституциялық құқықтарының сотта қорғалуын, негізсіз айыптаудан және соттаудан, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының заңсыз шектелуінен қорғауды қамтамасыз ететін процессуалдық дербес тұлға. Ол тек заңның мүддесін қолдайды.

Қылмыстық-процестік кодекстің 55-бабында тергеу судьясының сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары барысында кездесетін кемшіліктерді жою үшін оған бірнеше өкілеттіктер берілген. Сотқа дейінгі өндірісте соттың бақылауын кеңейту және қылмыстық процесте жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының тиісті кепілдіктерін құру тергеу судьясының қатысуынсыз мүмкін емес. Бұған дейін түрлі тергеу әрекеттеріне санкция беру прокурордың, яғни айыптау тарапының құзырында болып келген.

Қазіргі кезде күзетпен ұстау, үйқамақта ұстау, лауазымнан уақытша шеттету, жақындауға тыйым салу, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту, кепілді қолдану, мүлікке тыйым салуды санкциялау тергеу судьясының құзыретіне берілген. Сондай-ақ, күзетпен ұсталынатын адамды сот психиатриялық немесе сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған адамның психикалық ауру фактісі анықталған кезде оны ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталған психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру, мәйітті эксгумациялау, күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау секілді міндет те тергеу судьясына жүктелген.

Ермек ЕГЕУБЕКОВ,
Талдықорған қалалық
сотының судьясы.

МЕДИАЦИЯ

ТИІМДІ ТӘСІЛДЕН ТАРТЫНБАЙЫҚ

Біздің қоғамда адамдардың бір-біріне мейіріммен қарауы сонау қазақ халқының әдет-ғұрпынан бастау алады. Ежелден аталы сөзге тоқтап, сөз қадірін білген, аңғалдығы мен адалдығын жоғалтпаған дана халық едік.

Қазақ қоғамының көзқарасына сай сот билігінің түпкі мақсаты – дауласушы жақтарды табыстыру, татуластыру болған. «Дау мұраты – біту» деген сөз содан қалса керек. Сондықтан кез келген дау-дамайды дабыратпай, ушықтырмай, сотқа жеткізбей бітімгершілік жолмен шешуге әбден болады. Бұл мақсатқа жету жолында араағайын ретінде қызмет көрсететін медиаторлар болып табылады. Медиаторлардың жасайтын мәмілесі екі тараптың да ортақ келісімге келуіне негізделген. Бұл ретте дауласушы тараптардың алдағы уақытта бір-біріне наразы емес, жылы қатынаста болуы жиі кездеседі. Осы тұрғыдан алғанда медиация институтының қоғамдық қатынастардың жақсаруына оң ықпалы аз емес. Осыған байланысты әлемдік практикада ірі компаниялар тұтынушылармен арада пайда болған дау-дамай кезінде медиаторлардың көмегіне жиі жүгінеді. Өйткені оларда алдағы уақытта да тұтынушымен жылы қарым-қатынасты сақтап қалу маңызды. Бітімгершілік – дауды шешудің озық әдісі болып табылады. Ұсақ-түйек келіспеушіліктердің бітімгершілікпен шешілуі қиын істердің сапалы қаралуына ықпал етіп, азаматтардың уақытын үнемдеп, сот барысында орын алатын моральдық, материалдық қиындықтардан құтқарады.

Сайып келгенде бықсып келе жатқан дауды өртке шалдықтырмай сөндіруге бірден бір себепкер болар әдіс ол медиация. Медиацияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Медиация шетелде алғаш рет отбасылық қатынастар аясында туындаған дау-дамайларда қолданыла бастайды. Кейіннен ауқымды кикілжіндер мен даулардың шешімін табуда кең қолдау тапқан медиация жергілікті қоғамдастықтардағы жанжалдан бастап, коммерциялық және көпшілік ауқымда туындаған күрделі әрі жан-жақты дауларға да «төрелік» жүргізе бастаған. Қазіргі таңда біздің елімізде де медиация осындай дау жанжалдар кезінде қолданылуда. Тарихта белгілі болғандай ел ішіндегі кез-келген даулы мәселелер мәмілегерлік, өзара түсінушілік, бітімгершілік жолымен шешіліп отырғандықтан ағайындар арасында алауыздық тумай, ұзақ жыл береке-бірлікте өмір сүрген.

4 тарау, 28 баптан тұратын «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданды. Еліміздегі медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайтын заң қолданысқа енгізілген. Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады.

Медиатордың судьядан айырмашылығы – медиатор жанжалға қатысушылармен болатын келіссөздерге белсенді қатыса алады, ал судья мұны жасай алмайды, ол араласпаушылық принципін ұстануға міндетті.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, көпшілікке айтарымыз, араларыңызда туындап қалған дау-дамайлар болса бірден сотқа жүгінбей тиімді тәсіл болып табылатын медиациялық жолмен шешуден тартынбай, мәселені қысқа мерзімде, әрі екі тарапқа да қолайлы етіп шешуді ұсынамыз.

Ержан ЖАНҰЗАҚОВ,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының төрағасы.

ЗАҢ ТАЛАБЫ

АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕУ АБЫРОЙ ӘПЕРМЕЙДІ

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ЖАСТАРДЫҢ ҮЙЛЕНУІ ДЕ ОҢАЙ ЖӘНЕ БОЛМАШЫ ҚИЫНДЫҚҚА ШЫДАМАЙ АЖЫРАСУЫ ДА ЖЫЛДАМ БОЛАТЫН ЗАМАНДА ӨМІР СҮРІП ЖАТЫРМЫЗ. ОСЫ ОРАЙДА «ҮЙЛЕНУ ОҢАЙ, ҮЙ БОЛУ ҚИЫН» ДЕГЕН ТӘМСІЛ ЕРІКСІЗ ЕСКЕ ОРАЛАДЫ.

Ажырасу мәселесі, әсіресе, отбасы жас нәрестемен толыққанда туындай бастайды. Қаржы тапшылығына ұшырағаннан кейін отбасында кикілжің де жиі пайда болады. Осындайда бір-бірінің тілін таба алмаған, біріне-бірі кешіріммен қарауды жөн көрмеген жастар тығырықтан шығудың жолы ажырасу деп ұйғарады. Ал, ажырасқаннан кейін негізінен бала анасымен қалатыны белгілі ғой. Ал, әкесінің тарапынан заң жүзінде бала кәмелетке толғанға дейін алимент өндірілетіні баршаға аян. Енді осы кезеңде ажырасқан әкелер тарапынан алиментті уақытылы жіберіп тұру талап етіледі. Соттың шешімімен заң жүзінде тағайындалып берілген алимент сомасын кестеге сәйкес өтеп тұру олардың бұлжымас борышы. Алайда, көптеген азаматтар алиментті өз еркімен төлеуден жалтарып, әуре сарсаңға түсіріп жатады. Ақыры соттың шешімімен мәжбүрлеп төлетуге бұйрық шыққаннан кейін оны орындау міндеті жеке сот орындаушысының құзырына келіп түседі. Сондықтан жеке сот орындаушысы өзінің міндетін жүзеге асырғанда жас баланың мүддесі үшін өндірілетін алименттің уақытылы төленуіне әрекет етеді. Заң аясында әрекет ете отырып, алимент төлеуден жалтарып жүрген азаматтардың дүние мүліктерін, табатын табыс көздерінің мөлшерін анықтау арқылы қордаланып қалған алимент мөлшерін өндіруді көздейді. Қажет болған жағдайда банктағы есепшоттарын бұғаттап, мүліктеріне тыйым салады. Өкінішке орай, көптеген әке алимент төлеуден қасақана жалтарады және сол үшін өздерінің табыстарын да жасыруды әдетке айналдырған. Мұндай келеңсіз жайттар әсіресе сот отырысы барысында анықталып жатады. Мәселен, төмен мөлшерде алимент төлеп жүрген азаматтан «Сіз неге алиментті белгіленген мөлшерде төлемейсіз?» деген соттың сауалына ол: *«Мен айына 85 мың теңге жалақы аламын, одан басқа табыс көзім жоқ»* деп жауап қайырды. Ал, «Сіздің зенетақы қоры ңызға басқа бір серіктестіктен ай сайын ақша қайдан түсіп жатыр?» деген сауалына *«Мен онда жұмыс істемеймін, тек кейін зейнетақым жоғары болуы үшін сол серіктестікке ақша жіберіп тұрамын, солар менің зейнетақы қорыма аударып отырады»* деп қисынсыз жауап қайырды.

Тағы бір мысал, жеке сот орындаушысы табыс жоқ деп алимент төлеуден жалтарып жүрген азаматтық автокөлік жүргізу куәлігін уақытша тоқтата тұру туралы сотқа берген арызын талқылау кезінде жаңағы азамат соттан мені көлік жүргізу куәлігімді уақытша тоқтатпауыңызды сұраймын, мен адам тасумен айналысып, бала шағамды асырап жүрмін деп ағынан жарылды. Ал, ол осының алдында ғана менің ешқандай табыс көзім жоқ, қайдан төлеймін деп кісімсініп тұрған болатын. Мұндай мысалдарды тізбектей беруге болады. Осыдан барып шығатыны алимент төлеуден жалтарам деп жүріп, қарызға белшесінен батып қалуы да ғажап емес. Сондықтан алимент төлеуден қашу абырой әпермейді. Түбінде алимент бәрібір өндіріліп алынады. Ендеше оны уақытында төлей отырып, заң талаптарын мүлтіксіз орындаса нұр үстіне нұр болар.

Жомарт ЖОЛБОСЫНОВ,
Ескелді ауданының жеке
сот орындаушысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СӘТІ ТҮСКЕН СҰҚБАТ

«БАҒАМДЫ СЫНШЫЛАР ЕМЕС, КӨРЕРМЕН БЕРСЕ...»

ЖӘНІБЕК ӘЛІКЕН – ТЕАТРҒА, АКТЕРЛІК ӨНЕРГЕ ҒАШЫҚ ЖАН. АЙТУЫНША, ЖАЗҒАН ДҮНИЕҢНІҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІ БІРДЕН ТІРІЛІП, САХНАДА ЖАНДЫ БЕЙНЕГЕ АЙНАЛСА, СОЛ АРҚЫЛЫ КӨРЕРМЕНДЕРГЕ ТҮРЛІ КӨҢІЛ-КҮЙ СЫЙЛАЙ АЛСАҢ, ОЛ АВТОР ҮШІН ҮЛКЕН ҚУАНЫШ ЕКЕН. ТІПТІ ШЫҒАРМАҒА ӘР РЕЖИССЕРДІҢ ӘР ҚЫРЫНАН КЕЛІП, ӨЗІНШЕ ТАЛҚЫЛАП, ӨЗ ТҮЙСІГІМЕН ТҮЙСІНУІ ДЕ – ҚЫЗЫҚТЫ ҚҰБЫЛЫС. ОҒАН ДРАМАТУРГИЯ ОСЫНДАЙ ҚЫРЛАРЫМЕН ҰНАЙДЫ.

АҚПАН АЙЫНЫҢ 22 МЕН 23 КҮНДЕРІ БИКЕН РИМОВА АТЫНДАҒЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ДРАМА ТЕАТРЫНДА ДРАМАТУРГТІҢ «ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙЫ БІТПЕСІН» АТТЫ ҚОЙЫЛЫМЫНЫҢ ПРЕМЬЕРАСЫ САХНАЛАНАДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ ПЬЕСА АВТОРЫМЕН БАЙЛАНЫСҚА ШЫҒЫП, СҰҚБАТТАСҚАН ЕДІК.

АЛАТАУ: – Жәнібек мырза, бір сұхбатыңызда: «Драматургия маған драматург деген ат берді. Оған лайық болсам да, болмасам да қазір өзімді драматург сезінемін» депсіз. Мына жауабыңыздан түрлі ой туындайды екен... Өзіңіздің ісіңізге көңіліңіз толмайтын сыңайлы ма, қалай?

Жәнібек ӘЛІКЕН: – Драматургия саласы болсын, басқа да жасап жатқан істеріме ешқашан көңілім толмай келеді. Бұл ақылды болып яки үнемі ізденісте жүрген адам ретінде көрінейін деп ой қалдыру үшін айтылған дүние емес. Расымен де ешқашан өзіме көңілім толған емес. Мені құртатын да осы шығар. Алғашқы жазған дүнием Ғ.Мүсірепов сахнасында сахналанғанда да, екінші жазбам да іле-шала осы театрда қойылғанда да мен өзімді ұзақ уақыт бойы драматург ретінде сезіне алмадым. Іштей өзімді жолы болған адам ретінде таныдым. Тек кейін ғана айта-айта құлақ үйренгеннен соң өзімді драматург ретінде сезінетін болдым.

АЛАТАУ: – Дей тұрғанмен бірнеше пьеса жаздыңыз. Атап айтсақ, «Құпия», «Үнсіздік», «Сиқырлы терезе», «Күйеу бала» тағы басқа сынды. Бұл қойылымдар еліміздің әр өңіріндегі театрларда қойылып келеді. Айтыңызшы, сіз үшін пьеса жазу деген не? Драмтургия әлеміне қалай келдіңіз?

Жәнібек ӘЛІКЕН: – Мен үшін драматургия өзімнің ойымды, жан-дүниемді, ішкі бұлқынысымды қоғамға жеткізудің жалғыз жолы секілді. Ал бұл арнаға қалай келдім? Алғашқыда киноға сценарий жазып жүрдім. Одан кейін мұны білетін таныс режиссердің «балаларға арнап жазып көрсек қалай болады» деген тапсырысымен жазып көрген едім. Алайда бұл жазбам көпшіліктің көңілінен шықты. Драматургия әлеміне осылай келген едім.

АЛАТАУ: – Өз премьераларыңызда жүрегіңіз аузыңызға тығылардай қатты қобалжып отыратыныңызды, көрерменге ұнамай қалмаса екен деп қорқатыныңызды, спектакль барысында сахнаға емес, көрермендерге қарайтыныңызды айтыпсыз. Бұл сөздеріңіз көрермендер үшін жұмыс істейтініңізді айқындайтындай. Сіз үшін көрермен пікірі бәрінен жоғары болғаны ғой сонда...

Жәнібек ӘЛІКЕН: – Мен көрермен үшін жазамын, көрерменге ұнауға тырысамын. Мен үшін көрерменнің пікірі маңызды, маған берілетін бағаның төресі де көрермен пікірі болып қала береді. Өткізіліп жататын түрлі бәйгелерге қатысудан өзімді аулақ ұстаймын. Менің бағамды сыншылар емес, көрермен берсе екен деймін. Бұл айтқаным дұрыс па, бұрыс па білмедім. Солай... Жалпы халыққа не ұнайды, неге шөлдеп жүр деген сауал төңірегіне үңіліп, соны тап басып жазғым келеді. Мұның өзі, бәлкім менің мамандығымның маркетолог болғаннан кейін шығар деп топшылаймын.

АЛАТАУ: – «Театр – синтездік өнер болғасын, драматург сол театрмен біте қайнасып, қойылатын спектакльдің бір бөлшегі болып, оқылымына қатысып, дайындық жұмыстарында бірге жүрсе, әрі сапалы спектакль туар еді, әрі драматург үшін де үлкен мектеп болар еді. Ол сол процестен өтсе, келесі шығармасын жазғанда іс-қимыл мен актерге, сахнаға лайықтап жаза бастайтыны анық. Бірақ, мұны істеп жатқан режиссерді көрмедім, дайын дүниені алады да, премьераға бірақ шақырады» депсіз. Шынында да солай ма?

Жәнібек ӘЛІКЕН: – Әлі де солай...

Бәлкім режиссер де драматургтің желкесінен қадалып қарап тұрғанын жақтырмайтын болар. Өзінің ішкі «кухнясын» ешкімге көрсеткісі келмейтін де шығар, білмеймін. Бірақ, расымен де ешбір режиссер драматургпен біте қайнасып жұмыс істемейді. Енді, бұл жас драматургтерге, яғни, жаңадан пьеса жазып, жаңадан драматургияға қадам басып жүрген драматургтерге өте керек, қажетті дүние дер едім. Өйткені олар сөзді жаза берсем, ананы былай сөйлетсем, соның бәрі пьеса деп ойлап қалуы мүмкін ғой. Ал ол әрекетке қалай түсетін процесті білмеуі мүмкін. Сондықтан дайындық кезеңіне барып бастан-аяқ қатысып жүрсе, олардан мықты драматург шығатын еді...

АЛАТАУ: – Ақпанның 22 мен 23 күндері Б. Римова атындағы Талдықорған драма театрында «Қазақтың тойы бітпесін» атты қойылымыңыздың премьерасы өтпекші. Осы туралы кеңірек айтып берсеңіз?

Жәнібек ӘЛІКЕН: – Бұл қойылым қалай дүниеге келді? Бір кездері қазақ қызының қытай жігітіне тұрмысқа шығып, соны әкесі атып тастаған туралы шулы оқиға орын алды. Мұны көпшілік естіп-білуі де мүмкін. Бұл жайлы жазушы Қанат Әбілқайыр әңгіме етіп те жазды. Мен де осыларды естіген соң әрі әңгімені оқығаннан кейін ішкі толғаныстан жаздым. Мұндағы басты мәселе қызда емес, мәселе сол қызға қамқорлық таныта алмаған, ие бола алмаған қазақтың жігіттеріне, өзімізге көңілім толмағандықтан, қарын ашқандықтан туған дүние болатын. Әйтпесе, біздің заң бойынша кім-кімге тұрмысқа шығамын десе де ерік өздерінде ғой. Дегенмен, мұның түпкі мәнінде заңнан да биік ұлттық ұстаным деген дүние болуы керек қой. Міне, соған бір алаңдап жазылған шығарма болды. Бұл жерде мен ешкімді кінәлай алмаймын, кінәнің бәрі қазақтың жігіттерінде... Осы қойылымды Астананың «Жастар театры», талантты режиссер, актер бауырым Дәурен Серғазин қойды. Көңілімнен шықты, менің айтпақ болғандарым сахнадан көрініс тапты. Енді міне, өнер саласында өзіндік соқпағы бар бауырым Данияр Базарқұлов осы қойылымды сахналағалы жатқанына бек қуаныштымын. Мен үшін бұл дүниеге Данияр өзінің қандай идеясын қосты, қалай болар екен деген дүние қызық болып тұр.

АЛАТАУ: – Мұны сахнаға шығарғалы отырған режиссер өзіңіз айтқандай, дайын дүниеңізді ала салып, Сізді премьераға бір-ақ шақырып жатпаған болар?

Жәнібек ӘЛІКЕН: – Данияр Базарқұлов екеуміз бұрыннан доспыз. Екеуміз өнер, өмір туралы ұзақ уақыттар бойы сөйлесіп, бір-бірімізді ұғынысқан жандармыз. Бұл жолы мен Даниярға толықтай сендім. Оның үстіне бірнеше спектаклім сахналанып, сөз әрекетке қалай ауысатынын көрген драматургпін. Сондықтан маған аса бір қажеттілік жоқ, бұл – жас драматургтерге қатысты болса ғой деген ниет еді.

АЛАТАУ: – Бір сөзіңізде: «Пьеса заман лебін тудыруы тиіс. Яғни, пьеса қай кезеңде қойылса да, сол кезеңнің өзекті мәселесін қозғап тұруға тиіс» депсіз. Жазған шығармаларыңызда бар шындықты бүкпесіз айта алып жүрмін деп ойлайсыз ба?

Жәнібек ӘЛІКЕН: – Әлбетте, жазған шығармаларымда бар шындықты бүкпесіз айтуға тырысып келемін. Мәселе шындықты айтуда ғана деп түсінбеу керек, мәселе жазған дүниеңнің берілу формасын өзгеше етіп ұсынуда ғой. Адамдар көріп, мынау осылай екен ғой деп сезіне білуде. Осы кезде ғана сөздің, драматургияның құны артады. Қашанда өзекті дүниелерді жазуға тырысамын. Айтқанымдай, драматургия деген мен үшін ішкі жан толғанысын халыққа жеткізудің бірден-бір жолы.

АЛАТАУ: – Драматург уақыттың алдында жүруі керек дегенді де айтыпсыз. Бұл сіздің басты ұстанымыңыз ба?

Жәнібек ӘЛІКЕН: – Әрине, бұл менің басты ұстанымым деуге болады. Драматург тарихи дүние жазса да ол болашақты ойлап, болашаққа қарап тұруы тиіс. Өткенді жазғанның өзінде жіптің соңғы ұшын болашақпен байланыстырмаса, ол тек әншейін мерейтойлық дүние ғана болып қала береді. Негізінде, драматург заманынан елу, жүз жыл алдыға жүрмесе, ол несіне драматург... Өз басым мұндай үддеге әлі жете алғаным жоқ, ал оған жеткендер некен-саяқ. Бірақ, жазған шығарманың елу, жүз жылдан кейін, Шекспир секілді 300 жылдан соң қойылып жатуы, негізі мақсат та осы болса керек-ті...

АЛАТАУ: – Драматургиядан бөлек, «Ұлағатты ұрпақ» қорына жетекшілік еткен екенсіз? Бұл жайында не айтасыз?

Жәнібек ӘЛІКЕН: – Иә, драматургиядан бөлек, бес жыл бойы қордың жетекшісі болып қызмет еткенім рас. Қазіргі таңда осы қордың құрылтайшысымын. Қорды құрудағы мақсат – жас балаларды, өскелең ұрпақты білімді, білікті, білекті, иманды болсын деген ниеттен туған дүние еді. Ол үшін Үкіметтің арнайы бір жарлығын күтпей-ақ ауылдағы жақсы оқитын, өнерлі балаларға шәкіртақы беріп, еліміздің көрікті жерлеріне апару сынды дүниелерді кіріктіру арқылы мотивация берсек, шабыттандырсақ деген ой болатын. Ісіміз ілгерілене бастаған соң мектеп ішінен еңбек кабинеттерін ашумен де айналыстық. Бұдан кейін шалғай ауылдардағы «ерекше» туған балалар үшін арнайы кабинет жасаумен де шұғылдандық. Пандемиядан кейін жұмыс бағытына сәл өзгеріс енді. Қазіргі таңда шалғай ауылдардағы талабы жоғары, бірақ әлдебір сәтсіздіктермен оқуға түсе алмай қалған балаларға өзіміздің атымыздан грант тағайындап, солардың оқу орындарына төлейтін қаражаттарын тауып берумен айналысудамыз.

АЛАТАУ: – Өзіңіз ойға алған Драматургтер одағын құра алдыңыз ба? Ойда жүрген жоспарыңыздың қаншасын жүзеге асыра алдыңыз, алдағы жоспарларыңызбен де бөлісе отырсаңыз?

Жәнібек ӘЛІКЕН: – Драматургтер одағын құру жұмысы басталып кетті. Жуырда ғана алғашқы жиын өткізілді. Одақтың басшысын да өзіміз таңдап қойдық. Қазіргі таңда білікті заңгер мен экономист іздеп жүрген жайымыз бар. Алдағы жоспарда қолдан келгенше елге ұнайтын, халқымыздың атын шығарар жақсы бір дүниелер жазсам, халықтың ой санасын қозғайтын кино түсірсем деймін. Ойдағы жоспарларыма табандап келе жатқан секілдімін.

АЛАТАУ: – Әңгімеңізге рақмет. Өзіндік өрнекпен өрілген әлеміңізге сызат түспесін!

Сұқбаттасқан –
Сарби ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ЕЖЕГОДНЫЙ ДЕЛОВОЙ ФОРУМ WOMEN IN BUSINESS

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, НА ОДНОЙ ПЛОЩАДКЕ СОБРАЛИСЬ УСПЕШНЫЕ, ТОПОВЫЕ СПИКЕРЫ ДЕЛОВОЙ СРЕДЫ. ГОСТЯМ ПРЕДОСТАВЛЕН ЭФФЕКТИВНЫЙ НЕТВОРК, КАЧЕСТВЕННЫЙ КОНТЕНТ, УНИКАЛЬНЫЕ КЕЙСЫ И САМАЯ АКТУАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОТ ВЛИЯТЕЛЬНЫХ ЖЕНЩИН В ПОЛИТИКЕ И БИЗНЕСЕ.

В работе форума, организованном Советом деловых женщин города Алматы, Halyk Bank и Mastercard, принимают участие более 300 женщин-предпринимателей, общественных деятелей, руководителей институтов развития, крупных компаний, банков.

«Сегодня на одной площадке собрались более 300 женщин-предпринимателей в различных сферах бизнеса. Форум ежегодный, проводится в пятый раз. Мы представляем насыщенную и полезную программу для деловых и начинающих женщин-предпринимателей. Каждая сессия – это отдельный блок определенной темы, где лидеры делятся мнением, эксперты рассказывают о личном опыте. Радует то, что к нам приезжают со всех уголков страны, коллеги с ближнего и дальнего зарубежья», – отмечает организатор форума, председатель Совета деловых женщин города Алматы Акеркин Эралиева.

Генеральный консул КНР Цзян Вэй подчеркнула, что расширение прав и возможностей женщин является важным вопросом в глобальных целях устойчивого развития.

«Проведение этого форума на фоне нынешней сложной международной ситуации , обмен мнениями и обсуждение на такие темы, как расширение прав и возможностей женщин, имеет важное практическое значение и отражает отличительные особенности времени», – сказала Цзян Вэй в своем выступлении.

О государственной поддержке женского предпринимательства рассказала Председатель Правления Фонда «Даму» Гаухар Бурибаева.

«Правительство уделяет большое внимание развитию МСБ в Казахстане, в том числе поддержка направлена на развитие женского предпринимательства. Проекты женщин-предпринимателей составляют 47% от общего количества проектов, поддержанных Фондом «Даму». За весь период деятельности Фонд поддержал 96 тыс. проектов женского предпринимательства на сумму 2 893 млрд тенге. Радует, что современные бизнесвумен эффективно используют государственную поддержку для реализации своих бизнес-идей, развития компаний и создания новых рабочих мест», – отметила председатель правления Фонда «Даму» Гаухар Бурибаева.

По данным Фонда «Даму», больше всего женщины-предприниматели заняты в сфере услуг, сельского хозяйства и обрабатывающей промышленности.

Генеральный консул США Мишель Еркин отметила роль женщин в процветании общества, экономики.

«Расширение экономических прав и возможностей женщин имеет ключевое значение для обеспечения общего процветания. Именно поэтому мы намерены сотрудничать с Казахстаном в целях повышения экономической конкурентоспособности путем создания достойно оплачиваемых и качественных рабочих мест для женщин», – сказала Генеральный консул США Мишель Еркин.

Управляющий партнер Dasco Consulting Group Дармен Садвакасов рассказал о роли женщин в торговле. По данным Dasco Consulting Group, каждая пятая занятая женщина в стране трудится в торговом секторе. Более 15% женщин в торговле приходится на г. Алматы.

«Город Алматы лидирует по количеству женщин, занятых в торговле, но их доля составляет всего 52%. В области Улытау и Костанайской области на женщин приходится 67% занятых в торговом секторе. Минимальная доля женщин в торговле сложилась в Туркестанской области, где она составила 47%», – говорит Дармен Садвакасов.

Также спикер отмечает, что в торговом секторе доля женщин с высшим образованием намного выше, чем по экономике в целом.

«Доля занятых женщин с высшим и послевузовским образованием составляет в экономике 38%, в то время как в торговом секторе – 49%. Напротив, доля занятых женщин с техническим и профессиональным образованием в торговле составляет 45%, а в Казахстане в целом – 56%», – добавил спикер.

На форуме теме социального предпринимательства и благотворительности был посвящен отдельный блок. Председатель Совета деловых женщин города Алматы Акеркин Эралиева отметила, что за социальным предпринимательством стоят люди, которые стремятся развивать свой бизнес и вносить значимый вклад в развитие городов и сел.

К примеру, фонд Halyk стремится обеспечить благоприятную среду для развития и улучшения качества жизни в Казахстане, ежегодно фонд выделяет миллиарды тенге на социальные проекты в регионах. А фонд AYALA помог снизить показатель детской смертности в стране в два раза с 2010 года и тем самым принял участие в достижении одной из 17 целей устойчивого развития ООН – «Хорошее здоровье и благополучие.

«В настоящее время, в стране зарегистрировано более 23 тысяч НПО, занимающихся благотворительностью, мы в фонде Halyk, совместно с другими фондами готовы выдвинуть предложения по улучшению сферы благотворительности, как для благополучателей, так и благодетелей. Затем внести эти предложения в уполномоченный государственный орган с целью дальнейшего совершенствования», – сказал Нариман Абильшаиков, управляющий директор фонда Halyk.

«Созидательный принцип женского лидерства уже много лет активно преобразует различные аспекты экономической и повседневной жизни Казахстана. Крупнейшие казахстанские благотворительные организации на протяжении десятилетий успешно управляются женщинами, которые параллельно развивают собственный бизнес, поддерживая экономический рост и развитие страны, и помогают государству в решение острых социальных проблем», – отметила основателяь и президент Благотворительного фонда AYALA Айдан Сулейменова.

Ключевые темы форума: *международные тренды в расширении прав и возможностей женщин, вопросы экономики и финансов, социальной ответственности, меры поддержки женского предпринимательства.*

Women in Business – диалоговая площадка для женщин предпринимателей, на которой будут обсуждены наиболее проблемные темы развития бизнес-среды, в том числе женского предпринимательства, экономической политики, отраслевой специализации, МСБ и другие.

В работе форума приняли участие Председатель правления АО «Halyk» Умут Шаяхметова, постоянный координатор ООН в Казахстане Микаэла Фриберг-Стори, Генеральный консул США Мишель Еркин, Генеральный консул КНР Цзян Вэй, глава представительства IFC Казахстан Екатерина Бенджамин, председатель правления Фонда развития предпринимательства «Даму» Гаухар Бурибаева, директор по коммуникациям и устойчивому развитию представительства компании Coca-Cola в ЦА и Кавказ Александра Аккирман, партнер Strategy Лидер консультационной практики PwC в Регионе Евразия Наталья Лим и многие другие.

В рамках форума у участниц была возможность общения с успешными женщинами-лидерами и предпринимателями страны. Были проведены мастер-классы, коучинг и практические бизнес-сессии.

Ш. ХАМИТОВ.

СУДЕБНЫЕ РЕФОРМЫ

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА ПОСТОЯННО СОВЕРШЕНСТВУЕТСЯ

Всем известно, что понятие «судебная власть» впервые появилось в Конституции суверенного Казахстана 28 января 1993 года, которая отражала принципы организации и деятельности судов.

Предстояло осуществить реформы судебной системы, чтобы независимая ветвь власти стала главной гарантией свободы народа. В правоприменительной деятельности государственных органов по обеспечению эффективного воздействия правовых норм на общественные отношения огромная роль отводится судебной системе, которая выступает в качестве носителя судебной власти, а суды (судьи) являются элементами, из которых строится судебная система. Это особенно актуально для современного этапа, характеризующегося быстрым процессом формирования и развития правового государства, институтов демократического общества, упрочением гарантий осуществления политических, экономических, социальных прав и свобод граждан.

В нашем государстве судебная система постоянно совершенствуется. В частности, принцип независимости судей от любого вмешательства в процесс вынесения судебного решения закреплен в международных и казахстанских нормативных правовых актах. Принцип независимости многогранен и предполагает принятие различных способов его реализации. Установлено, что формирование адекватного уровня независимости судей важно для отправления справедливого судопроизводства и создания условий для восстановления гражданами доверия к судебной системе. Неотъемлемым атрибутом любого правового государства является наличие совершенной и независимой судебной системы.

В этой связи Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев на VIII Съезде судей Республики Казахстан подчеркнул, что в справедливом и законном осуществлении правосудия заинтересовано как государство, так и все общество. Он отметил, что одной из важных задач является независимость судебной системы. Как подчеркнул Президент Республики Казахстан, это непременное условие справедливого правосудия и повышения доверия граждан к судебной власти.

В Республике Казахстан конституционно-правовые основы института независимости судей закреплены в Конституции Республики Казахстан. Формально-правовой метод был применен для выяснения структуры и взаимосвязи исследуемых понятий, а также для изучения соответствующих положений законодательства Республики Казахстан об уголовной ответственности за вмешательство в деятельность судебных органов.

Системно-структурный метод использован для углубленного изучения нормативных положений международного и национального государственного законодательства о месте независимости судей в отправлении правосудия, в целом, и в структуре деятельности судебной реформы.В связи с этим актуален вопрос изучения независимости судей как критерия эффективности оценки работы судов в контексте реформирования судебной системы Республики Казахстан и поиска путей совершенствования этого принципа справедливости.

Ермек ЕГЕУБЕКОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰЛТ САУЛЫҒЫ

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА АШЫҚТЫҚ ҚАЖЕТ

ЕЛІМІЗДЕ КӘСІПҚОЙ СПОРТ ПЕН БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ ҚҰСТЫҢ ҚОС ҚАНАТЫНДАЙ ҚАТАР ДАМЫП КЕЛЕДІ. БҰҒАН ЕЛІМІЗДЕГІ САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНУШЫЛАР ҚАТАРЫНЫҢ ЖЫЛ САЙЫН АРТУЫ ДӘЛЕЛ. БҮГІНДЕ АУДАНДАР МЕН АУЫЛДАРДА СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНДЕРІНІҢ КӨПТЕП САЛЫНУЫ АТАЛҒАН БАҒЫТҚА ҮЛКЕН СЕРПІН БЕРІП ОТЫР.

Әр дені сау, денесі шымыр ұрпақ – ұлттың басты байлығы. Әсіресе балалар мен жасөспірімдердің оқумен қатар спортпен шұғылданып, жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау – мүдіртпейтін міндет. Осыған орай Мемлекет басшысы бұқаралық спортты дамытуға әр Жолдауында айрықша назар аударып келеді. «Елімізде кәсіби спортпен қатар бұқаралық спорт қарқынды даму үстінде. Әсіресе балалар денешынықтырумен белсенді айналысатын болды. Сол себепті мемлекет ауылдық және қалалық жерлерде жаңа спорт нысандарын салып жатыр. Сондай-ақ алдағы жылы елімізде Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтеді. Спортшыларымыз Жазғы олимпиадаға қатысады. Түптеп келгенде, әр азамат өз саласының нағыз маманы болуы керек. Сонда ғана Отанымыз өсіп өркендейді», деген Президент сөзі де салаға серпін берері сөзсіз.

Осы тапсырманы орындау мақсатында «Денешынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» әзірленіп, ол Үкіметтің қаулысымен бекітілгені мәлім. Аталған жоспарға сәйкес мемлекет жекеменшік әріптестігі аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларына жан басына қаржыландыру жүйесі енгізілді.

Қазір елімізде 8 милионнан аса адам жүйелі түрде спортпен шұғылданады. Бұл – халықтың 40 пайызы. Яғни олар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарына сәйкес аптасына кем дегенде 3 сағат спортпен айналысады. Қазір елімізде азаматтарды жас ерекшеліктеріне қарай бұқаралық спортқа тарту жұмыстары жүріп жатыр. Кешенді іс-шаралар 3 пен 5 жас аралығындағы мектепке дейінгі балалардан бастап 65 жастан асқандарды қамтиды. Бекітілген талапқа сәйкес Туризм және спорт министрлігі 2029 жылға қарай халықтың тең жартысын спортқа тартуды жоспарлап отыр.

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев 2023 жылы халықты дене шынықтыру және спортпен қамту өскенін атап өтті. Өңірлер бойынша Атырау облысы (44%), Абай облысы (41,8%) көш бастап тұр. Оның айтуынша, денешынықтыру және спортпен шұғылданатын балалар мен жасөспірімдердің үлесі 27,3%-ға (984 мың адам) жетті. Министрдің мәліметінше, былтыр мемлекеттік тапсырыс аясында 250 мың бала мен жасөспірім 7 мыңнан аса спорт үйірмесіне барған. Ал биыл аталған бағдарламамен 300 мыңға жуық бала мен жасөспірімді қамту көзделіп отыр.

«Спорт инфрақұрылымын дамыта отырып, бұқаралық спортты насихаттау – дені сау ұлтты қалыптастыру мәселесіндегі басты міндет. Осыған байланысты спорт нысандарының қолжетімділігін арттыру – мемлекеттің ерекше бақылауында. 2023 жылы 1 000 адамды спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 52,2%-ды құрады. Сондай-ақ биыл «жылдам бой көтеретін 100 спорттық нысан» жобасын іске қосу жоспарланып отыр», - деді Е.Маржықпаев.

Өткен аптадағы алқа отырысында Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова денешынықтыру мен спортты одан әрі дамытуда халықаралық спорт ұйымдарының тез өзгеретін талаптарын ескере отырып, бұқаралық спортты дамыту жаңа тәсілдерді талап ететінін айтты.

«Бұқаралық спортты дамытуға жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбей жатыр. Мәселен, 2023 жылы бұқаралық спортқа жұмсалған қаржы өңірлердің бюджет қаражатының жалпы көлемінің небәрі 0,061%-ын құрады. Сонымен қатар қаражатты бөлуде бұрмалану бар. Жоғары жетістіктер спортына жұмсалатын қаржы көлемі 97,2% болса, бұқаралық спортқа жұмсалатын шығыс небәрі 2,8% шамасында. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бұқаралық спортты дамытудың тиімді құралы – мектеп жасынан егде жасқа дейінгі спорт лигаларын дамыту, оның ішінде жарыс алдында тікелей спорт командаларын құрудан тұрақты жұмыс істейтін командаларға көшу жолымен дамыту», - деді Т.Дүйсенова.

Қорыта айтқанда, мінбердегі министрдің сан-цифрын жоққа шығарудан аулақпыз. Өйткені қазір мектеп оқушыларының әртүрлі спорт секцияларына беруге мүмкіндік бар. Бұған қоса айналамыздағы әр 10 адамның шамамен төртеуі әуесқой спортпен шұғылданатынын байқауға болады. Бірі теннис ойнайды, бірі жүгіреді, енді бірі фитнеске баруы мүмкін. Фитнес демекші, қазір әлемнің дамыған елдерінде бұл сала өркениет пен дамудың бір бөлігіне айналды. Олар бұқара халықтың қалтасы көтеретін баға қояды екен. Бұқаралық спорт дегеніңіздің өзі әуелі осы емес пе? Ал біздің елдегі фитнес клубтардың бір айлық абонементі бір айлықтың ширегін қақшып қалады. Сонда бұл жерде Тамара Қасымқызы айтқандай, «қаражатты бөлуде бұрмалану» болып отырған жоқ па?

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

12 МЕДАЛЬ ОЛЖАЛАДЫ

ИРАННЫҢ БАС ҚАЛАСЫ ТЕГЕРАНДА ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН ЖАБЫҚ КЕШЕНДЕГІ XI АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. ҚАЗАҚСТАН СПОРТШЫЛАРЫ 4 АЛТЫН, 2 КҮМІС, 6 ҚОЛА, БАРЛЫҒЫ 12 МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕДІ.

Туризм және спорт министрлігі баспасөз қызметінің мәлім етуінше шешуші жарыс күні эстафетада (4*400 м) еліміздің ерлер (Андрей Соколов, Эльнор Мухитдинов, Ефим Тарасов, Вячеслав Земс) және әйелдер құрамасы (Аделина Земс, Анна Шумило, Мария Шувалова, Кристина Кондрашова) топ жарды. Оның алдында Елизавета Матвеева (биіктікке секіру) мен Давид Ефремов (60 м кедергілер арқылы жүгіру) чемпион атанған болатын.

Күміс жүлдеге қол жеткізгендер: Иван Иванов (ядро лақтыру), Ольга Сафронова (60 м жүгіру);

Қола жүлдегерлер: Аяна Болатбекқызы (1500 м жүгіру), Мария Ефремова (3 қарғып секіру), Ақбаян Мұрмәмет (800 м жүгіру), Алина Чистякова (көпсайыс) Эфим Тарасов (400 метр жүгіру), Максим Фроловский (3000 метрге жүгіру);

Барлығы 29 атлет ел намысын қорғады.

Былтыр жабық кешендегі Азия чемпионаты Астана қаласындағы Qazaqstan жеңіл атлетика кешенінде өткен. Ол кезде Ұлттық құрама 6 алтын, 3 күміс, 3 қола медальмен жалпы есепте 2-орын алған еді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

МАЖАРСТАННЫҢ АСТАНАСЫ БУДАПЕШТЕ КӨРКЕМ ГИМНАСТИКАДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.

БУДАПЕШТЕ БАҒЫ ЖАНДЫ

Аталған жарыста Қазақстан құрамасы толағай табысқа қол жеткізді. Әсі-ресе көрермендер Айбота Ертайқызының айшықты өнеріне тамсанды. Осыдан екі жыл бұрын дәл осы додада 19 жастағы қазақ қызы түрлі-түсті медальдардың әрқайсысын бір-бірден иеленген еді. Ал оның биылғы нәтижесі одан да керемет болды. Ертайқызы доп, таспа және ұршықпен өнер көрсетуде теңдессіз деп танылып, алтыннан алқа тақты. Командалық әріптесінің жеңісті жолын Эрика Жайлауова жалғастырды. 16 жастағы аса дарынды спортшы «шығыршық» жаттығуында алдына жан салмады. Көпсайыстың қорытындысы бойынша Айбота күміс (125,2 ұпай) және Эрика қола жүлдені (122,25 ұпай) олжалады. Ал Милана Парфилова төртінші орынға табан тіресе, Зере Бақытжанқызы мен Айым Мейіржанова алты мен жетінші сатыларға жайғасты.

Спорттық гимнастшылар да дүбірлі додаларда дараланып жатыр. Күні кеше ғана Мысырдың бас шаһары Каирде өткен әлем кубогінің кезеңдік сайысында «ат» жаттығуы бойынша сынға түскен Зейнолла Ыдырысов қола медальды еншіледі.

Материалдар egemen.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

«ЖАС ҚАНАТ – 2024»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНДА ЖАСТАР АРАСЫНДА ӘР АУДАН, ҚАЛА БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЖАС ҚАНАТ – 2024» БАЙҚАУЫНА ОБЛЫСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ ӨТКІЗІЛДІ.

Аталмыш байқауға «Мейірім» балалар шығармашылық орталығы тұрақты қатысушылар ретінде екінші мәрте қатысып отыр. Өткен жылы өткізілген байқауда Адия Талғат республикаға жолдама алған еді.

Биыл орталық атынан 15 бала қатысты. Байқауға «Жас суретшілер» жанры бойынша қатысқан балалар «Азия дауысын» қалай елестететіні туралы сурет салды. Орталық оқушылары «Азия дауысын» үлкен дәрежеге жетіп әлемге танылу барысын салып қана қоймай, аспаптарды қағаз бетіне түсіру барысында анық түстерді пайдалана отырып әуен іспеттес бейнені салды. Нәтижесінде жүлделі орын алғандар арнайы марапатталып, республикаға жолдама алды. Атап айтсақ, Қарақат Мәлік, Адия Қабдолда және Анна Жиембаева. Қалған қатысушылар – Бекнұр Бейбіт, Сабрина Вишнякова, Альбина Гурьянова, Айдана Ержан, Айзере Ержан, Аяжан Есімхан, Махаббат Есмухамбет, Муджай Ақерке, Қарақат Сегізековалар арнайы Алғыс хаттармен марапатталды.

«Жас Қанат» байқауы еліміздің мәдени өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол тек Қазақстанда ғана емес, әлем бойынша сүйікті және танымал 100-ден астам орындаушыға жол ашты.



«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ДЕНСАУЛЫҚ

КІМДЕРГЕ АЛМА ЖЕУГЕ БОЛМАЙДЫ?

Алма түрлі дәрумендер мен микроэлементтерге бай: С, В1, В2, Р, Е дәрумендері және марганец, калий, темір. Сондай-ақ ол бет реңкін жақсартуға және қартаю процесін баяулатуға көмектесетін пектинге бай.



Алманың құрамындағы жасұнық ұзақ қорытылады, сондықтан ол көпке дейін тоқтық сезімін береді. Бұл салмақты бақылауда ұстауға көмектеседі. Алма аллергия беретін өнім емес, сондықтан оны көптеген адамға жеуге болады.

Мына жағдайларда алмадан бас тартқан жөн: Гастрит, асқазан және аш ішек жарасының болуы; Ұйқы безінде қабыну процестерінің болуы; Алманы көтере алмаушылық; Диабет кезінде тәтті қызыл алмаларды жеуге болмайды, оның орнына оның жасыл түрлерін таңдау қажет; Егер арықтауды мақсат етіп қойсаңыз, жасыл алмаларды таңдаңыз.

Ұйықтар алдында алма жеуге бола ма?

Асқазан-ішек жолы проблемалары бар және диабетпен қиналатын адамдарға алманы кешкісін жеу зиян.

Материал massaget.kz. сайтынан алынды.

ЕҢ ҚЫСҚА ӘҢГІМЕ

Дежавю

– Бұ... бұ жерді көрген секілдімін.
– Жұмақ қой.
– Рас па?
ОЛ ұзақ ойланды...

Жамевю

ОЛ бұ... бұ жерді әлі көрмеген. Ұмытқан да болуы керек. Есіне де түсіре алмады, қап. Қатты қиналды. «Бұл – Жұмақ еді ғой...» деген сөйлем жадында жаңғырды...

Әлібек БАЙБОЛ
egemen.kz. сайтынан алынды.

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қаласы, Абылайхан көшесі, 213 үй мекен-жайында орналасқан «Қарасай ауданының кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН060140013243) құрамынан бөліну жолымен «Қарасай ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ-сі мен «Қарасай ауданының ауылшаруашылығы бөлімі» ММ-сі қайта құрылатыны туралы хабарлайды.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекен-жай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қ-сы, Абылайхан көшесі, 213 үй. Байланыс телефондары: 8 (72771) 2-11-70, 2-29-58.

Государственное учреждение «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства Карасайского района» (БИН060140013243) расположенное по адресу: Алматинская область, Карасайский район, город Каскелен, улица Абылайхана, дом 213, сообщает о реорганизации путем разделения ГУ «Отдел предпринимательства Карасайского района» и ГУ «Отдел сельского хозяйства Карасайского района».

Жалобы принимаются со дня публикации объявления в соответствии с требованиями соответствующего закона по адресу: Алматинская область, Карасайский район, г. Каскелен, улица Абылайхана, дом 213. Контактные телефоны: 8 (72771) 2-11-70, 2-29-58.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.
Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.
Таралымы 2700
Тапсырыс № 248
Индекс 15534